Ауа райы: ● Қызылорда +12 ● Жаңақорған, Шиелі +13 ● Тереңөзек, Жалағаш +13 ● Қармақшы, Байқоңыр +12 ● Қазалы, Арал +12

Сыр бойы

85 жыл

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

9 ҚАЗАН БЕЙСЕНБІ | 2014 жыл №149 (18843) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ | www.syrboyi.kz

РУХАНИ МҰРА КЕҢІСТІГІНДЕГІ ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Кеше Қызылордада облыс әкімдігі мен «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымы бірлесіп ұйымдастырған «Қорқыт ата мұралары – түркі халықтарының рухани қазынасы» тақырыбындағы ғылыми-теориялық конференциясы өтті. Бұл конференция «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» атты дәстүрлі музыкалық өнер фестивалі аясындағы шара.

Оған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, Қазақстанның халық жазушысы Олжас Сүлейменов, «ТҮРКСОЙ» түркі мәдениетін дамыту ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, Түркия, Ресей, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Молдова елдерінен арнайы келген және отандық ғалымдар қатысты. Басқосуды Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры, профессор Қылышбай Бисенов жүргізді.

Конференцияның ашылуында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев құттықтау сөз сөйледі. Күллі түркі руханиятының ортақ тұлғасы – Қорқыт ата тыныс тапқан мекенге келген қонақтарға облыс жұртшылығы атынан ізгі лебізін білдірді.

– Мұндай іс-шаралар жаһандану заманында түркітілдес халықтардың бірлігі мен ынтымағын нығайтуға, мәдениеті мен өнерін, тілі мен ділін, салт-дәстүрін насихаттауға тарихи жауапкершілікпен қарау үшін де керек, – деді облыс басшысы.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының рухани дүниелерді түгендеудегі орны ерекше болды. Ұлы Жібек жолы бойында жатқан ескі қалаларды зерттеу, әдеби мұраларды жинақтау, Сыр бойындағы саф өнердің бастауын зерделеу үшін облыс әкімі жанынан ғылыми-әдістемелік кеңес құрылды. Елімізге белгілі мәдениет, руханият қайраткерлері осы кеңес құрамында жұмыс істейді. ЮНЕСКО-ның материалдық емес мұралары тізіміне негізгі номинациялардың бірі болып Қорқыт ата күйлері мен күй дәстүрі ұсынылды. Елбасы тапсырмасына сәйкес Қорқыт ата ескерткіш-кешеніне қайта жаңғырту жүргізілуде. Екі аптада құрылысшылар жұмысын аяқтайды. Алдағы «ЭКСПО-2017» көрмесіне келген қонақтарды Байқоңыр ғарыш айлағына жақын жатқан Қорқыт ата ескерткіш-кешенімен таныстыру жоспарланып отыр.

Қырымбек Елеуұлы түркі тектес халықтарға ортақ мол мұраны сабақты жібіне дейін шашау шығармай жинақтауды мұрат еткен конференция жұмысына табыс тіледі.

Одан әрі Қазақстанның халық жазушысы, ақын Олжас Сүлейменов, «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, Түркия Республикасының Ататүрік атындағы Түрік тілі құрылымының президенті Мұстафа Качалин, Түркияның Ескішеһир қаласы әкімінің орынбасары Гүнхан Язар сөз алды. Олар Қорқыт ата мұраларын ортақ құндылыққа айналдырудың өзекті тұстары талқыланатын басқосудың маңызына тоқталды.

Ғылыми баяндамаларға кезек келгенде алғаш болып Қазақ Ұлттық өнер университетінің профессоры Саида Елеманова қазақтың дәстүрлі музыкасы мен Қорқытты алғашқы музыкалық аспапты жасаушы деп танудың астарына үңілді. Қазақ аңыздарындағы Қорқыт образы мен «Қорқыт ата кітабының» аражігін ажырататын ғылыми тұжырымдарын ұсынды.

Орталық Азиядағы полигенезис қағидасы мен этнолингвомәдениет тарихын зерттеген Чуваш мемлекеттік Тіл білімі гуманитарлық ғылымдар институтының бөлім меңгерушісі Николай Егоров көшпелілер өркениетінің басты дәуірлеріне өз бағасын берді. «Деде Қорқут дастаны – түркі халықтарының ескерткіші» тақырыбында баяндама жасаған әзірбайжандық ғалым Азизхан Танрыверди ортақ мұраның түбі бір халықтарды біріктіретін маңызы туралы айтты.

2-бет

ТҮРКІ САЗЫНЫҢ ҒАЖАЙЫП ҮНІ

Н.Бекежанов атындағы облыстық музыкалық драма театрында облыс әкімдігі мен халықаралық «ТҮРКСОЙ» ұйымының ұйымдастыруымен Түркі тілдес халықтардың «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» атты дәстүрлі музыкалық өнер фестивалінің ашылу салтанаты болды. Сахна шымылдығы «Томирис» би тобының «Тәңірге табыну» биімен түрілді. Мұнан соң аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев сөз алып, барша Сыр жұртшылығы мен түркі халықтарын бүгінгі өнер мерекесімен құттықтады.

«Түркі мәдениетінің бастау бұлағы болған Сыр елі қашанда қазақтың қалпын, бабалар салтын сақтаған өркениет өлкесі. Қазақ елінің астанасы болған қасиетті бұл жер тарихи құндылыққа тұнып тұр. Өткеннің өнегесі, бүгінгінің баға жетпес байлығы ежелгі Қорқыт жерінде түркі тілдес елдердің «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» халықаралық дәстүрлі музыкалық өнер фестивалін ұйымдастырудағы негізгі мақсатымыз – түркі тілдес халықтардың ұлттық музыкалық өнерін дәріптей отырып, өзара мәдени қарым-қатынасы мен байланысын нығайту. Сол арқылы тілі ұқсас, діні ортақ елдердің салт-дәстүрлерін, қайталанбас өнерінің озық үлгілерін жұртшылыққа таныстыру. Сол себепті де бүгінгі мерекенің маңызы зор деп білемін.

Сондықтан өткеннің уақытын бойына сіңірер ұрпақ барда түркі әлемінің әлі талай ғасырға ұласары сөзсіз. Елбасы Н.Назарбаев XXI ғасырды еліміздің «алтын ғасыры» болсын деген болатын. Түркі әлеміне де жаңару, жасарудың ғасыры болсын деп тілек білдіремін», – деді.

Мұнан әрі облыс әкімі халықаралық ТҮРКСОЙ Түркі мәдениетін дамыту ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейіновке алғысын білдіре отырып, түркі әлемінің мәдени жобаларын іске асырудағы еңбегі үшін облыстың «Құрмет» грамотасын табыстады. Өз кезегінде ел ағасына ризашылығын білдірген бас хатшы түрік шеберлерінің қолынан шыққан өнер туындысын сыйға тартты.

Фестивальді бұдан кейін Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Молдова елдерінен, Ресей Федерациясының Татарстан, Алтай, Якутия, Хакасия, Башқұртстан республикаларынан келген 36 өнерпаздар мен өнер ұжымдарының концерті жалғады. Сыр халқы жиналған кеште әзірбайжандық Нурие Хусейнова мен молдовалық Петр Петковичидің әні, сондай-ақ, түрік өнерпазы Нилюфер Огуз бен татар елінің өнер жұлдызы Айдар Валеевтің өнері көпшілікті бір серпілтті. Өнер мерекесінде сырбойлық жыраулар да жырдан шашу шашты. Жалпы, бұл мереке түбі бір түркі халқының тұтастығын, ұлттар достығын көрсете білді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

ДЕНСАУЛЫҚ

ҚЫЗЫЛОРДАДА АЛҒАШ РЕТ БҮЙРЕК АУЫСТЫРУ ОТАСЫ ЖАСАЛДЫ

Сыр медицинасының тарихында тұңғыш рет созылмалы бүйрек ауруына шалдыққан науқасқа бүйрек трансплантациясы жасалды. Осы арқылы Қызылорда республикада бүйрек ауыстыру отасын жасаған төртінші облыс атанып отыр.

29 жасар қала тұрғыны Ердәулет Бозғұловқа туған қарындасы Жаңагүл Бозғұлова донор болып, бір бүйрегін берді. Ең ауыр операциялар қатарынан саналатын отаны А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының мамандары мен облыстық медицина орталығының хирург-дәрігерлері бірлесіп жасады. Дәрігерлердің айтуынша, қазір науқастың да, донордың да жағдайы жақсы.

Сейсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев облыстық медицина орталығына барып, ағалы-қарындасты Бозғұловтардың көңілін сұрады, сауығып кетуіне тілектестігін білдірді. Емдеуші дәрігермен, А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми орталығының мамандарымен кездесіп, науқастың хал-жағдайын сұрады, сонымен бірге өңірлік медицинаның даму барысына тоқталды.

– Денсаулық сақтау саласы біз үшін аса маңызды. Сондықтан қаржыны аяп жатқанымыз жоқ. Ағымдағы жылы бұл саланы қаржыландыруға 35 млрд. теңге қаралды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 18 пайызға артық. Биылдың өзінде 12 медициналық нысанға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Саланы дамытуға арналған «Жол картасы» бекітіліп, оның шеңберінде тиісті қаржы бөлінді. Міне, сіздер күрделі ота жасаған мына облыстық медицина орталығы бүгінде заманауи жабдықталған алып емдеу мекемесі. Біздің мақтанышымыз,– дей келе, аймақ басшысы А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының директорына, мамандарына ризашылығын білдіріп, алғысын айтты.

Өз кезегінде Ұлттық ғылыми хирургия орталығының бас директоры Жеткерген Арзықұлов сәуір айында бүйрек трансплантологиясын меңгеру үшін қызылордалық дәрігерлердің Ұлттық орталықта болып, білімін жетілдіріп қайтқанын айтты және облыстық медицина орталығында күрделі оталарды жасауға барлық мүмкіндіктің бар екенін жеткізді.

Жалпы, өңірімізде бүйрек ауруына шалдығып, гемодиализде отырған 100-ден астам науқас бар. Оның 40 пайызы бүйрек ауыстыруды қажет етеді. Осы уақытқа дейін облыста 29 адамға донор бүйрегі ауыстырылған.

Келесі трансплантация үстіміздегі жылдың қараша айына жоспарланып отыр.

Айнұр БАТТАЛОВА.

ҚАБЫЛДАУ

ФЕСТИВАЛЬ МЕЙМАНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Сейсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» халықаралық дәстүрлі музыкалық өнер фестиваліне келген қонақтармен кездесті.

Мәртебелі меймандар қатарында ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы Д.Қасейінов, ақын, Қазақстанның Халық жазушысы О.Сүлейменов және Әзірбайжан, Түркия, Ресей, Молдова, Қырғызстан мемлекеттерінен келген шетелдік ғалымдар мен саясаткерлер бар.

Аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев аймақтағы атқарылып жатқан мәдени-әлеуметтік шараларды айтып, облыстың бүгінгі тынысын баяндады. Түбі бір түркіге ортақ Қорқыт атаның Отаны саналатын Сыр топырағындағы тарихи жәдігерлер жайын сөз етті. Сақтардың отаны – Шірік-Рабат, оғыздардың орталығы – Жанкент, қыпшақ хандығының ордасы Сығанақ осы Сыр бойында жатыр. Жиырмасыншы ғасыр басында Қызылорданың астана болғанын қоссаңыз, төрт астана орын тепкен киелі өңірдің ұлт тарихындағы орны ерекше айшықтала түседі.

Кездесу соңында Қырымбек Елеуұлы қонақтарға кәдесый тапсырып, облыстың негізгі даму салаларын суреттейтін бейнефильм көрсетілді. Қонақтар халықаралық өнер додасына шақырғаны үшін аймақ басшысына алғыстарын жеткізді.

М.ТОҚТАҒҰЛ.

Қызылорда облысында 2014 жылғы 14-17 қазан күндері халық батыры Жанқожа Нұрмұхаммедұлының 240 жылдық мерейтойына орай өтетін мерекелік шаралардың БАҒДАРЛАМАСЫ

14 қазан, сейсенбі

16.00 Батыр баба туралы жаңа кітаптардың тұсаукесері. *Қызылорда қаласы, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана.*

15 қазан, сәрсенбі

10.00 Жанқожа батыр ескерткішінің ашылу рәсімі. *Қызылорда қаласы Теміржол вокзалының алаңы.*

11.00 "Ұлт азаттығы қозғалысы және Жанқожа батыр" атты ғылыми-танымдық конференция. *Қызылорда қаласы, Студенттер сарайы.*

17.30 №269 мектепке Жанқожа батыр есімін беруге арналған шара. *Қармақшы ауданы, Төретам кенті.*

19.30 "Ел қорғаны, Ер Жәкем" атты аймақтық жас ақындар мүшәйрасы *Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, аудандық мәдениет орталығы.*

19.30 Драматург Рүстем Жанаевтың "Жанқожа батыр" спектаклі. *Қазалы ауданы Әйтеке би кенті, аудандық оқушылар үйі.*

16 қазан, бейсенбі

9.00 Жанқожа батыр ескерткіш-кесенесінде болып, тағзым ету. *Қазалы ауданы Әйтеке би кенті.*

10.30 "Тағзым" алаңының ашылу салтанаты. *Қазалы ауданы, Жанқожа батыр ауылы.*

11.00 "Жанқожа баба" саябағында "Елі үшін туған ер Жәкем" атты театрландырылған қойылым. *Қазалы ауданы Жанқожа батыр ауылы.*

12.00 "Жанқожа батыр жас ақындар жүрегінде" атты облыстың жас ақындарының айтысы және концерттік бағдарлама. *Қазалы ауданы, Жанқожа батыр ауылы.*

13.00 Баба рухына арналған ас. *Қазалы ауданы, Жанқожа батыр ауылы, Әйтеке би кентіндегі орталық алаң мен орталық көшелерде.*

15.30 Жанқожа батырдың өмірі мен ерлігіне арналған жыраулар фестивалі. *Қазалы ауданы, Жанқожа батыр ауылы мәдениет үйінде.*

12.00 "Түйе палуан" атағы үшін қазақша күрестен, қол күресі мен гір көтеруден облыстық дәрежедегі сайыс. *Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі орталың алаң.*

15.00 "Халқына қорған болған батыр баба" атты республикалық ақындар айтысы. *Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі №249 мектеп-лицей.*

21.00 Эстрада жұлдыздарының қатысуымен мерекелік гала-концерт. *Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі орталық алаң.*

17 қазан, жұма

10.00 "Ауыздықпен алысқан хас батырдың тұлпары" атты ат бәйгесі. *Әйтеке би кенті аумағындағы "Әбдіраман" төбе баурайы.*

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ЖЫЛУ БАҒАСЫ ӨСПЕЙДІ

Кеше облыс әкімінің орынбасары Нұржан Әлібаев 2014-2015 жылдардағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын тағы бір пысықтау мақсатында БАҚ өкілдеріне арнап баспасөз мәслихатын өткізді. Оған ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысы Н.Пірімов және облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Е.Әбдіхалықов пен бірқатар мемлекеттік мекеме қызметкерлері қатысты.

Сарғайған күздің салқыны сезіліп келеді. Бұл ретте алғашқы мәселе жылу беру жайы екені анық. Осы ретте биылғы жылу беру маусымының дайындық жұмыстары толықтай шешімін тауып отыр.

– Алдағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстары толығымен аяқталды. Осы орайда көгілдір отынның бағасына байланысты жылу бағасы да 28,6 пайызға өседі деген болатын. Дегенмен, бұл мәселе де өз шешімін тапты. Қарапайым халықтың қалтасына салмақ салмау мақсатында газға республикалық бюджеттен субсидия алу жұмысын қолға алып отырмыз.

2-бет

АЛТЫН КҮЗ – 2014

18-19 қазанда өткізілетін «Алтын күз-2014» салтанатты іс-шарасының БАҒДАРЛАМАСЫ

2014 жылдың 18 қазаны		
12^{00}-13^{00}	**Егін жинау жұмыстарының қорытындысы мен өндіріс озаттарын марапаттау салтанаты, концерттік бағдарлама.** *(Н.Бекежанов атындағы драмтеатр)*	
13^{00}-15^{00}	**Облыс әкімінің ауыл шаруашылығы өндірісінің озаттарын салтанатты қабылдауы**	
2014 жылдың 19 қазаны		
8^{00}-10^{00}	**Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесін аралау**	
	Орналасу орны	
	Қармақшы ауданы	**«Ақмешіт» және «Мерей» мөлтек ауданы** *(«Думан» мейрамханасы мен «Сырдария» сауда үйінің аралығы)*
	Қазалы ауданы	**Ғ.Мұратбаев көшесі мен Қожахмет Яссауи көшесінің қиылысы** *(«Шұғыла» мөлтек ауданы)*
	Сырдария ауданы	**Жанқожа батыр көшесі** *(Реалбаза алдында)*
	Арал ауданы	**Қорқыт ата көшесі мен Қожахмет Яссауи көшесінің қиылысы** *(Темір жол тесік көпір аумағы)*
	Жаңақорған ауданы	**Б.Ибраева көшесінің бойы** *(Көшербаев көшесі мен Жеңіс көшесінің аралығы)*
	Жалағаш ауданы	**«Титов» қыстағы** *(№173 орта мектептің аумағы)*
	Шиелі ауданы	**Тасбөгет кенті** *(Орталық алаң)*
	Қызылорда қаласы	**Әйтеке би көшесінің бойы** *(Қазыбек би көшесі мен Д.Қонаев көшесінің аралығы)*

Әрбір адам ес білген уақытынан бастап алдына мақсаттар қойып, өзінің жүрек қалауымен тіршілік жасай бастайтыны өмір заңы. Бірақ барлығы біз ойлағандай бола бермейтіні тағы бар. Тағдырының бір ауыртпашылығын көтеріп жүрген сондай жандардың бірі – мүгедектер. Мүгедектердің мүмкіндігі шектеулі дегенмен де, негізі адам баласының мүмкіндігінде шек жоқ деп ойлаймын. Әрбір адамның бір кәсіпке ыңғайы болатыны сияқты, адамның бір мүшесі толыққанды жұмыс жасау қабілетінен айрылар, бірақ мұнымен оның мүмкіндігі шектеліп қалмайды. Ойы озық, көкірегі ашық адамның, әсіресе бүгінгі технологияның дамыған заманында алдына қаншама мүмкіндіктер ашылуда.

МҮМКІНДІКТІ ШЕКТЕМЕЙТІН ҚОҒАМ
қалыптастыру маңызды міндет

Бүгінгі күні мүгедектердің жай-күйін жақсарту үшін барлық жағдай жасалуда, Елбасының өзі мүгедектерге айрықша көңіл бөліп, олардың мәселесін шешу жолдарын ұсынып, барлығымызға үлкен жауапкершілік жүктеді.

Биыл да «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады. Мүмкіндігі шектеулі адамдар тұрмыстық қызмет көрсету, тағам өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жұмыс істей алады. Мен барлық кәсіпкерлерге оларды жұмысқа орналастыруға көмектесіңіздер деп тағы да айтқым келеді. Сондай-ақ, 5-10 адамға арналған арнайы квотаны енгізу мүмкіндігін қарастыруға болады» деп баса айтып көрсетті.

Бүгінгі күні облыс бойынша мүгедектер саны – 26317, оның ішінде I топтағы – 2502, II топтағы – 10916, III топтағы – 9035, өкінішке орай 3864 мүгедек 18 жасқа дейінгі балалардың үлесінде болып отыр. Түрлі келеңсіз жағдайлар, айтып келмейтін апаттар осындай көрсеткіштерге соқтырып отыр.

Көбі адамдардың салғырттығынан, қауіпсіздік ережелерді сақтамаушынан, көлік оқиғаларынан болып жататыны тағы да өкінішті.

Ең басты құндылық – адам екенін назардан шығармайтын біздің елімізде қоғамның барлық әлеуметтік топтарына лайықты қамқорлық көрсетілуде.

Соның дәлелі, 2012 жылы қала маңындағы Талсуат елді мекенінде мүгедектерді оңалту орталығы ашылды. Іші – кең, жарық, қыста – жылы, жазда – салқын, адамның өмір сүруге деген құлшынысын арттыратын мекеме 150 адамға заман талабына сай қызмет көрсетіп келеді. Қаншама жан осы жерден тиісті ем-домын алып, іштерінде тіптен балдақпен келіп, өз аяғымен жүріп кетіп жатқандарын да көріп жүрміз.

Аталған оңалту орталығына орналасу мүгедек жандарға айтарлықтай қиындық тудырмайды. Ол үшін I, II топ мүгедектері облыстық бақылау және әлеуметтік қорғау департаментінің медициналық-сараптама бөлімдерінен мүгедектің жеке оңалту бағдарламасын алып, тұрғылықты жері бойынша қалалық немесе аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне құжаттарын тапсыру арқылы, кезек реттілігімен орталыққа орналаса алады.

Мұнымен шектелмей, мүгедектер тегін сурдо-тифлотехникалық, жүріп-тұру, протезді-ортопедиялық құралдарымен қамтамасыз етілуде.

Жыл сайын шипажайларға, сауықтыру орындарына барып демалып, ем қабылдап жатыр.

Бірқатар мүгедектерге және үйде қызмет көрсетілетін мүмкіндігі шектеулі мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі.

Осы жерде Президентіміздің «Біз оларды белсенді өмірге тартамыз, олар тек жәрдемақы алып қана қоймайды, сонымен бірге, өздерін қоғамның мүшесі, пайдалы еңбеккер ретінде сезінетін болады» деген сөзі қамкөңіл жандардың жүректеріне бір жылылық ұялатқаны белгілі. Соның дәлелі, бүгінгі таңға аймағымызда 374 мүгедектің тұрақты жұмыспен қамтылғаны көңіл қуантады.

Облыс, аудан, әрбір ауыл әкімдеріне мүгедек жандар қатарынан кеңесшілер тағайындалды. Бұл мүгедек жандардың мәселесінің билік басында отырған азаматтардың қашанда назарында болуына жол ашып, бұрын-соңды қоғамда болмаған жаңалықтардың біріне айналды. Әрбір мекеме, кәсіпорындарға мүгедек жандар қызметке жеке оңалту бағдарламасын тапсыру арқылы емін-еркін қабылдана бастады.

Елбасы Жолдауын жүзеге асыру мақсатында облыс әкімдігімен 2013 жылы бекітілген «Қызылорда облысында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2013-2014 жылдарға арналған Жол картасына» өзгерістер енгізіліп, облысымыздың барлық саласы бойынша мүгедектер үшін тең мүмкіндіктер жасау, қоғамдық өмірдің барлық салаларында қолжетімділікті қамтамасыз ету іс-шаралары толығымен қамтылды. Жалпы «Жол картасын» іске асыруға 7,6 млрд. теңге қаралып отыр.

«Біздің барлық әлеуметтік институттар, үкіметтік емес ұйымдар, «Нұр Отан» партиясы осы жұмысты қолға алғандары жөн. Егер қажет болған жағдайда Үкімет бұл мәселені барлық компаниялармен бірлесе пысықтап, тиісті шешім қабылдауы керек. Мүгедектігіне және асыраушысынан айрылуына байланысты әлеуметтік жәрдемақы көлемін Үкіметке 2015 жылғы 1 шілдеден бастап 25 пайызға арттыруды тапсырамын. Мүгедектер бірлестіктері қызметінің құқықтық базасын жетілдірген жөн. Үкіметтен бастап жергілікті әкімдерге дейінгі барлық мемлекеттік органдардың олармен жұмысын күшейткен маңызды. Кедейлік деңгейін одан әрі төмендетіп, жұмыссыздықтың өсуін тежеген жөн. Бұл ретте масылдық пиғылдың өрістеуіне жол бермеу маңызды». Елбасының осы сөзімен артық қандай қамқорлық қажет?!

Күз мезгілінің алғашқы айына сәйкес келетін мүгедектер күні қарсаңында облысымызда мүгедек жандарға жасалып жатқан жағдайларды, атқарылып жатқан шараларды баяндау, ризашылығымды білдіруді жөн көрдім. Алдағы уақытта да игілікті істердің жалғаса беретініне сенімдімін.

Н.ЕРМАНОВ,
облыс әкімінің кеңесшісі, Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты.

ЖЫЛУ БАҒАСЫ ӨСПЕЙДІ

Қазір тиісті министрліктердің келісімін алдық. Енді Үкімет қаулысын шығарады. Атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесінде Қызылордада жылу бағасы өспейді, – деді облыс әкімінің орынбасары Н.Әлібаев.

Жалпы, 1-қазаннан бастап жылу беріліп жатыр. Қазіргі күні 143 көпқабатты тұрғын үй және 21 әлеуметтік нысан жылуға қосылды. Сондай-ақ, жылу қазандықтары, жанартылуға тиісті желілер жоспар бойынша уақытылы жүргізілді. Мәселен, дайындық жұмыстарына жалпы бөлінген қаржы 8,4 млрд. теңгені құраған болатын. Оның ішінде облыстағы әлеуметтік нысандарға 6,1 млрд. теңге болса, тіршілікті қамтамасыз ету көздеріне 2,3 млрд. теңге қарастырылды. Жылу-энергия көздері мен әлеуметтік-мәдени нысандарда жөндеу жұмыстары дер кезінде жүргізілді.

1-бет

Ал, отынмен қамтамасыз ету негізінде облыс бойынша жылу беру маусымында әлеуметтік нысандарға 44,8 мың тонна қатты отын, 14,4 мың тонна сұйық отын қажет. Дегенмен, қазіргі таңда қолда бар отын жеткілікті екен.

Сонымен қатар "Қызылордажылуэлектрорталығы" МКК, "Қазалы-Теміржолжылу" МКК, "ҚазтрансГаз Аймақ" АҚ және "Қызылорда су жүйесі" МКК бойынша атқарылатын шаралар да қарқынды жүргізіліп, жоспарланған жөндеу жұмыстары толығымен аяқталды.

Тағы бір айта кетерлігі, бүгінгі күнге дейін облыс тұтынушыларын электр энергиясымен үш жабдықтаушы мекеме "Даулетэнерго", "Энергосервис" және "Шиелі жарығы" серіктестіктері қамтамасыз етіп келген болатын. Енді бұдан былай электр энергиясымен қамтамасыз ету саласындағы жұмыстарды жақсарту және үйлестіру үшін бір орталықтан басқару бойынша "Қызылорда жарығы" холдингі құрылды.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

БРИФИНГ

АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДА

Биылғы жылғы егін жинау науқаны 15 қазанда аяқталады деп жоспарланып отыр. Соған сәйкес "Алтын күз" мерекелік шаралары 18-19 қазан күндері өткізіледі деп күтілуде. Бұл жөнінде облыстық коммуникациялар орталығында журналистермен жүздескен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Дәуірбек Әбуов айтып берді.

Дәуірбек Кеңесұлы алдымен облыста азық-түлік бағаларын тұрақтандыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде айтты. Бүгінде статистикалық мәліметтер бойынша азық-түлік тауарларының индексі 2014 жылдың қыркүйек айын өткен жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда 105 пайызды құрап отыр. Республика бойынша алғанда бұл көрсеткіш 105,6 пайыз. Ауыл шаруашылығы басқармасы күнделікті жүргізіп жатқан мониторинг бойынша облыстың ішкі нарығындағы әлеуметтік маңызы бар 33 негізгі азық-түлік тауарларының бағалары қазан айын биылғы ақпан айымен салыстырғанда 21 өнім бойынша өсімнің бары байқалады. Ал сегіз түрлі өнім бағасы төмендеген. Сондай-ақ, төрт өнім бағасы қалыпты жағдайда ұсталуда.

Жалпы бүгінгі күні облыста әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағаларын тұрақтандыру мақсатында жұмысшы тобы мен тұрақтандыру қорын басқару комиссиясы және арнайы құрылған штаб жұмыс жасайды. Негізі Қызылорда қаласы мен облыстың барлық аудандарындағы ірі жабдықтаушылар мен өнім өндірушілер арасында негізгі азық-түлік тауарларын 5-10 пайыздық үстемеден асырмай сату жөнінде 46 меморандумға қол қойылған. Соның нәтижесінде жыл басынан бері 58 рет ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өткізіліп, онда 114,9 млн. теңгенің өнімдері нарық бағасынан 15-20 пайызға төмен сатылған. Оның үстіне биыл "Байқоңыр" ӘКК ҰК акционерлік қоғамының жарғылық қорын ұлғайту арқылы "Қызылорда қаржы компаниясы" ЖШС бірінші сортты ұн, қант және ақ күріш бағасының қымбаттауына жол бермеу мақсатында аталған тауарларды сатып алуға 200 млн. теңге қаржы да бөлінген. Мұнан бөлек тұрақтандыру қорына белгіленген өнімдерді сатып алуға бюджеттен қосымша 180 млн. теңге қаржы бөлу мәселесі де қарастырылуда. Жалпы бүгінгі күнге дейін белгіленген көлемнен тұрақтандыру қорына 500 тонна картоп, мың тонна жуа, 500 тонна сәбіз бен 87,6 тонна күріш сатып алынды. Алдағы уақытта бұл жұмыс өзінің жалғасын таба бермек.

Кездесу соңында басқарма басшысы қазіргі егін жинау науқаны жайлы да айтып өтті. Бүгінде облыстың басты дақылы – күріштің 91,7 пайызы орылып, оның 74,2 пайызы бастырылған. Әзірге облыс бойынша орташа түсім гектарына 45 центнерден айналуда. Сондай-ақ, межеленген тұқымның 82,6 пайызы құйылған. Жалпы, алдағы аптада егін орағын толық аяқтап, "Алтын күз" мерекесін өткізу жоспарлануда.

Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ
KAZAKHSTAN DEPOSIT INSURANCE FUND

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры
Сіздердің банктердегі жинақ ақшаларыңызды
15 жыл бойы қорғауда!

Кепілдік берілген өтем сомасы
5 000 000 теңгеге дейін

Депозиттерге кепілдік беру сұрақтары бойынша мамандардан кеңес алу:
8 800 080 10 20
(Қазақстан бойынша қалалық нөмірлерден байланыс тегін)

Депозиттерге кепілдік беру сұрақтары бойынша барлық ақпарат www.kdif.kz сайтында

РУХАНИ МҰРА КЕҢІСТІГІНДЕГІ ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Қорқыттану белестеріне шолу жасаған елімізге белгілі ғалым Тынысбек Қоңыратбаев алдағы уақытта Қорқыт мұрасын зерттеу мен насихаттауда қандай танымдық мәселелерге назар аудару керектігіне тоқталды. «Қорқыт» энциклопедиясын, халықаралық деңгейде «Қорқыт» атты журнал, Қорқыт туралы көркем шығармаларды әлемдік сахнаға шығару ұсыныстарын ортаға салды.

Конференцияда Сырдариядағы руна жазулары туралы қызықты деректер келтірген РҒА Археология институтының профессоры Игорь Кызласовтың, түркітілдес халықтар педагогикасында «Китаби деде Коркуд» тағылымдарын ұғындыру туралы айтқан Манас қырғыз-түрік университетінің профессоры Акматалы Алымбековтың баяндамалары тыңдалды. Бүгінде Молдовада тұратын гагауздардың ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа берілген рухани құндылықтары ұлт мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналған. Бұл туралы М.Маруневич атындағы Молдова ҒЗО директоры Петр Пашалы айтты.

1-бет

Түс ауа конференция жұмысы одан әрі жалғасып, ғалымдар Қорқыт ата туралы деректердің тарихи шындығы, Алпамыс дастаны мен Қорқыт ата кітабының алғысөздері, түркілердің мәдени мұрасын түсіндірудің кейбір мәселелелері туралы сөз қозғады.

Түркі халықтарының ауыз әдебиетінде де, жазба жәдігерліктерде де кездесетін Қорқыт ата бейнесі туралы әртүрлі пікір бар. «Қорқыт ата кітабының» түркітілдес елдерге ортақ құндылық болып қалыптасуының сырын зерттеген ғалымдар оны исламға дейінгі идеология мен таным-түсініктен тауып жатады.

Қорқытқа қатысты деректердің бас-аяғы жүйеленген деп айту ерте. Өйткені ақиқаттан, ғылыми тұжырымдардан гөрі аңызға жүгінушілік басым. Бұл тұтас түркінің күллі мәдени мұраларына арқау болған тұлғаны танып-білудің әлі де кемшін тұстары бар екенін дәлелдеп тұрғандай.

Соңғы уақытта түркі тұтастығы, әр халықтың рухани мирасын түгелдеуі, ғылыми айналымға қосуы туралы жиі айтылады. Осы ұлы міндетті орындауда мәңгілік мұраға айналған Қорқыт бейнесі мен «Қорқыт ата кітабының» қосар үлесі зор болмақ. Конференцияда ғалымдар түйген ойдың тобықтай түйіні осы ойға қазық байлатты.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
2014 жылғы 30 қыркүйек №724

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ КЕЙБІР ҚАУЛЫЛАРЫНЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАНУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

1) «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 7 наурыздағы №517 қаулысы (нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №4638 тіркелген, 2014 жылғы 7 мамырдағы «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде жарияланған);

2) «Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 30 маусымдағы №625 қаулысының (нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №4717 тіркелген, 2014 жылғы 19 шілдедегі «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде жарияланған) күштері жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қ.Б.Жайсанбаевка жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысы әкімінің міндетін атқарушы А. Әлназарова.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120008, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 52, анықтама үшін телефондары: 8 /7242/ 40-10-62, 8 /7242/ 23-51-57, факс 8 /7242/ 23-51-57 dpp_korda@mail.ru«Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

Әкімшілік бөлімінің басшысы, санаты (Д-О-3 санаты 1 бірлік), (уақытша, негізгі қызметкердің қала күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс кезеңіне). Лауазымдылық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 84 563 теңгеден 114 032 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Басқарма басшысына бөлім қызметкерлерін марапаттау немесе тәртіптік шара көру туралы ұсыныс енгізеді. Басқарманың персоналды басқару (кадр жұмыстары) жүргізу. Басқарма басшысының бұйрықтарын рәсімдеу. Мемлекеттік қызметшілердің жеке істерін жүргізу, еңбек кітапшаларына қажетті жазбалар енгізу. Мемлекеттік қызметшілердің заңда белгіленген шектеулерді қабылдауы туралы келісімін жазбаша нысанда беру. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Қызылорда облысы бойынша басқармасына тоқсандық, жылдық есептер беру. Мемлекеттік қызметші теріс қылық жасаған жағдайда қызметтік тексеру жүргізіп, құжаттарын әзірлеп, тәртіптік комиссияның қарауына ұсыну. Аттестациялаудан өтетін қызметшілердің тізімін, аттестация өткізу мерзімі және аттестация комиссиясының құрамын анықтан, аттестациядан өткізу құжаттарын рәсімдеу. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің мемлекеттік қызметтегі еңбек өтілін анықтау. Мемлекеттік қызметшілерді оқытуды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру. Басқарманың мемлекеттік қызметшілерінің мониторингін жасау. Мемлекеттік қызметке тұңғыш рет қабылданған қызметшілердің ант беру рәсімін ұйымдастыру. Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптары мен лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеу. Бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға өткізілетін конкурс материалдарын рәсімдеп, конкурс өткізілуін ұйымдастыру. Әкімшілік құқық бұзушылық жайлы анда ақпарат тиісті органдарға тапсыру. Жаңадан енгізілген 2014-2016 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламасын әзірлейді, өзгертіп енгізеді.

Бөлім құзыретіне кіретін сұрақтар бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Заңдарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен облыс әкімияты қаулыларының және облыс әкімінің шешімдері мен өкімдерінің орындалуын жүзеге асыру. Бөлімге жалпы басшылық жасайды.

Басқарма басшысының бұйрықтары жобасының заңдылығын алдын ала зерттеп, өзінің келісімі жөнінде қолын (визасын) қою. Басқарманың құзырына кіретін мәселелер бойынша рәсімделетін құжаттардың, оның ішінде берілетін лицензиялардың, заңды және жеке тұлғалармен жасалатын келісім-шарттардың, кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру барысының заңдылығын алдын-ала тексеріп, қолын қою. Сот және құқық қорғау органдарында басқарма мүддесін білдіру, қорғау және басқарманың өкілі ретінде сот процессеріне қатысу және заңдарды әзірлейді. Басқарма қызметкерлеріне жұмыс барысында заңгерлік кеңестер береді, басылайық анықтама, мәлімет, баяндама жасайды, ішкі бақылау жұмыстарына жалпы басшылық жасайды.

Басқарманың құжат айналымын қалыпты жұмыс жасауын қамтамасыз ету, басқарманың бюджетін бақылауға қойылған құжаттарының мерзімінде және толықканды жауап берілуін қамтамасыз ету. Басқарманың ақпараттық технологияларды қолдану және жаңалау бағытында басқарма басшылығына ұсыныстар беру. Басқарма қызметкерлерінің әскери есепке алу және арнайы жұмыстарды жүргізу.

Басқарманың атқарылған жұмыстар мен алда тұрған міндеттері және жеткен жетістіктері туралы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты түрде мақалалар, бейне-сюжеттердің шығарылуын ұйымдастыру.ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау бойынша шараларды жүзеге асыру. Қазақстан Республикасының Гендерлік теңдік стратегиясын жүзеге асыру.Азаматтық институттарды нығайту, қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдармен қарым-қатынасты нығайту, сонымен қатар басқарма азаматтардан, мекемелерден келіп түскен арыз-шағымдардың жүргізілуін, есепке тепе-фоны, арыз шағым жішігі жұмыстарын ұйлестіру, басқарма басшыларының азаматтардың жеке қабылдауын ұйымдастыру. Басқарма жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен арыз-шағымдарының мерзімінде және толықканды жауап берілуін қамтамасыз ету. І-ОЛ және «Айқын» бағдарламасы бойынша есептемелерді әзірлеу және мерзімінде орындалуын қадағалау. Басқарманың сыбайлас жемқорлыққа, терроризмге қарсы күрес, құқықтық оқу бойынша бағдарламаларының толықканды орындалуын қамтамасыз етеді, «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР заңына сәйкес жоспарлауды, есеп пен есеп беруді жүргізуге тиісті орындаушыларымен шарттарды құрастырады, хаттамаларды рәсімдеуіне бақылау жасайды.

Басқарманың істер номенклатурасын қалыптастыруға басшылық жасайды, «Қызмет бабында пайдалану (ДСП)» белгісі бар құжаттардың орындалуын жауапты болады.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Жоғары заңгерлік немесе экономикалық білімі

Жұмыс тәжірибесі кемшіліксіз болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес;

2) мемлекеттік органда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;

3) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарында бір жылдан кем емес;

4) жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекіткен басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

5) ғылыми дәрежесінің болуы.

Мемлекеттік тілді білуі, компьютерде және интернетте жұмыс істеу кәбілеті, мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесінің болуы

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын іске асырудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасының «Бюджет кодексі», «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) нысанға сәйкес өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мөннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы колданыстағы сертификат, немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі.

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тізілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Қызылординские вести» және «Сыр бойы» басылымдары) соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде«Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120008, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 57, № 417 кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінде (Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 52, №415 кабинетте) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредителген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, үәкілетті органның қызметкері қатыса алады. Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сараптыландың қатыстырылуына жол беріледі. Сараптыны ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агентігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

D-O-3, - санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Нормативтік құқықтық актілер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы»(15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

***

«Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120008, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 52, анықтама үшін телефондары: 8 /7242/ 40-10-62, 8 /7242/ 23-54-87, факс 8 /7242/ 23-54-87 dpp_korda@mail.ru«Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

Кәсіпкерлікті дамыту бөлімінің басшысы, санаты (Д-О-3 санаты 1 бірлік), (уақытша, негізгі қызметкердің бала күтімінде байланысты жалақы сақталмайтын демалыс кезеңіне). Лауазымдылық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 84 563 теңгеден 114 032 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Басқарма басшысына бөлім қызметкерлерін марапаттау немесе тәртіптік шара көру туралы ұсыныс енгізеді. Бөлімді жалпы басқарады және бөлімге жүктелген міндеттер мен функцияларды орындалуына тікелей жауапты болады. Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларын іске асыруға қатысу. Кәсіпкерлікті дамыту мен қолдауын басым бағыттары анықтап, басқарма басшылығына ұсыныс беру. Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға қатысу. Қызылорда қаласы мен аудандарда кәсіпкерліктің дамуына рейтингілік бағалау жүргізуге қатысу. Кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту мәселелері бойынша талдау жасау.Облыс әкімінің жанындағы шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссиясы мен шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мәселері жөніндегі Сараптылық кеңесінің жұмыстарын ұйымдастыру. Кәсіпкерлікті ғылыми-методикалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру. Кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту жағдай

Сырласу баяны

Үзінді

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ,
академик, қоғам және мемлекет қайраткері

Бүгінгідей кино, бейнетехниканың жоқтығынан әрі құнтсыздығымыздың кесірінен кезінде Мұхтар Әуезов секілді ұлыларымыздың небір асыл сөздері жазылып алынбай қалды.

Сол кемшіліктің орнын толтырайын, еліміздің көзі тірі қайраткерлерін сөйлетейін, естеліктерін, толғаныстарын жазып алып, кейінгіге сақтайын деген мақсатпен Еуразия университетінде телестудия ашқан едім.

Сол студияда әдебиетіміздің классигі Әбдіжәміл Нұрпейісовті ғана жазып алыппын. Мен университеттен кеткен соң, әттең, осы бір пайдалы іс жалғаспай қалды.

Әбең 2003 жылдың 25-29 шілдесі аралығында бес күн бойы университет студиясына келіп жеті жарым сағаттық байтақ әңгіме айтып берген еді. Қасына Ақселеу Сейдімбекті отырғызып қойып едім.

Әбдіжәміл ағамыз ауызекі сөзге сараң, кірпияз, кез келген жерде сөйлей бермейтін, әркімге ашыла бермейтін томаға-тұйық, тұңғиық аспандай терең кісі ғой, құданың құдіреті, сол жолы ағынан жарылып, шешіліп сөйледі.

Жеті жарым сағаттық бейнетаспаларды таяуда қайта қарап, рахат сезіміне бөлендім. Суреткерді жаңаша, өзге қырынан танығандай болдым. Абыз ағамыздың аузынан шыққан жауһар лебізді сыр сандықта сақтай бермей, екшеп, ықшамдап, желісін де бұзбай, қаз-қалпында қағазға түсіріп, көпшілікке ұсынғанды жөн көрдім. Мұның әдебиетіміз үшін де, Нұрпейісов мұрасын зерттеушілер үшін де пайдалы болатындығында күмән жоқ.

Былайғы әңгімені Әбдіжәміл ағамыздың өзі баяндайды.

I

– Мен өзім ауызекі, шаппа-шап сөзге жоқпын, теледидардан қысыласың, аузыңа дұрыс сөз түспейді. Ал мына тізелесіп отырып әңгіме шертудің жөні бөлек. Ыңғайы келген сияқты. Әуелі бұл шіркінді бастау қиын, арғы жағы көзін ашсаң, бұрқылдап шыға беретін естелік бұлағы секілді. Менің өмірім жазылған хаттай, артыма бұрылып қарасам болды, көз алдыма сайрап шыға келеді.

Біздің ру Жақайым, одан Бәйдібек, одан Бәйімбет шығады. Бәйдібек батырлау, бір тайпа елдің басшысы, көсем болған кісі. Әбілхайырмен бірде тіл табысып, бірде тіл табыса алмай, алшайысып жүретін өркөкірек, өзімшіл жан болыпты. Орыс офицерінің жазуында 1745 жылы қайтыс болды делінген. Батырды жерлеуге Нұралыхан және Есет батыр келіпті.

Бәйімбеттен біз тараймыз, інісі Көлімбеттен қазіргі Қырымбек Көшербаевтар тарайды. Жетінші атамыз Тайқожа батыр. Тайқожа атамыз құба қалмақпен біраз шайқасып, қолы басым түсіп, жеңіспен оралады екен.

О заманда қалмақ та, қазақ та көшпелі, бір соғыста атамыздың санына садақ жебесі тиеді. «Жау маркайып кетеді» деп жарасын жасырып, жаралы санын қанжығаға қайырып байлап, соғыса берсе керек. Сөйтіп жарасы асқынып кетеді. Ағасы Қыдырбай дереу сыныққы алып келіп көрсетеді. Сыныққы: «Аяқты кесу керек, әйтпесе өледі. Ол үшін төрт жерге төрт қазық қағып, аяқ-қолын байлап, екі жігіт кеудесінен басып отырсын» – дейді. Өткір пышақ, тұзды су, түйенің шудасын алдырып, ем-дом жасауға кәдімгідей дайындалады. Сонда Тайқожа: «Көзім тіріде кеудеме ешкімді мінгізбеймін, шыдаймын, төзімім жетеді!» – деп дес бермей, аяқ-қолын кергізбей, тақиясын тістеп, ақырына дейін шыдап жатса керек. Сыныққы оқ тиген аяғын кесіп, байлап, сыртқа шығады. Жігіттер батырдың қарысып қалған жағын қылыштың ұшымен ашса, тістелген тақия қырқылып қалыпты. Содан әлгі атамыз Ақсақбөрі атанған. Бұл кісінің мінезін «Қан мен тер» романындағы Еламанның бәзбір тұстарына қиыстырып келтірдім.

Мына қызықты қараңыз. Қыдырбай атамыздың кескін-келбетін алып «Соңғы парызға» кіргіздім. Қыдырбай би бірде шөл ішінде ауылына қайтып келе жатса, алдынан тепсең көгі бар ойдым-ойдым қақ шығады. Сайға қырық шатыр тігілген, қырық нөкер, қырық қызыл нарды шөгеріп тастаған. Керуеннің иесі сол кездегі айтқаны жүріп тұрған, елден салық жинап оралған Мәмбет правитель екен.

Есік аузындағы нөкерді серпіп тастап, атамыз правительдің үстіне кіріп келеді.

– Ассалаумағалейкөм, – деп екі қолын ұсынса, тәкаппар правитель қолын беруге ерініп, оң аяғын ұсыныпты дейді. Намысқа шыдай алмаған би әлгі аяқты қамшымен тартып жіберіпті.

Правитель қаһарға мінеді. Сол жерде Қыдырбайды ұстатып, дүре салады. Дүреңің ауырлығы сонша – би: «Ай, мына жазадан өлетін шығармын, Ақсақбөріге бір талатармын сені деп», – кейіген екен. Көп ұзамай көз жұмады.

Шындығында біраз уақыт өткен соң ауылының тұсынан өтіп бара жатқан Мәмбетті Ақсақбөрі жекпе-жекке шақырады. Ақсақбөрінің күші басым боп, Мәмбетті сауырға сыпырып бара жатқанда, әлгі правитель сауға сұрайды. Жекпе-жек соңынан екеуі биге жүгінеді. Би: «Бірі – батыр, бірі – правитель, татуластырайық» – дейді. Мәмбет правительге айып салады, Қыдырбайдың қызын Мәмбетке айттырып беруге кесім шығарады.

Алтыншы атамыз Қалдан – жуас, қой аузынан шөп алмас момын кісі болыпты. Дегенмен, өз жөнін ақылына бағындырып отырады екен. Бесінші атамыз Арғынбай – заманында би болған, сөз білетін, от ауызды кісі деседі. Бірде жол жүріп келе жатқан Арғынбай ауыл шетіндегі үйге келіп түседі. Үй иесі дастарқан жайып: «Әреке, алдыңызға жібек дастарқан жайдық, зерен қойдық, сол зерендегі асқа ат қойып ішіңіз», – депті. Ыдыстағысы боза болса керек. Сонда Арғынбай тұрып: «Мынау мойтап деген ас екен, Ішіп ал да ой тап деген ас екен, Ақылды ішсе – дана болатын ас екен, Ақымақ ішсе – диуана болатын ас екен», – деп ерніне тигізіп, қайтарып беріпті деседі. Арғынбайдың басында құлпытас бар, оны баласы Сыланбай кірешілерге ілесіп Орынборға барған кезінде әкеліп орнатқан. Сыланбайдан – Нұрпейіс, Нұрпейістен – Кәрім, Кәрімнен – өзім.

Нұрпейіс 1878 жылы дүниеден өтті. Сыланбай өте бай болған. Орынборға кіре салған.

Тағы бір оқиға есіме түседі. Арғынбайдың кіші әйелі жас, емізулі баласы бар екен. Кенеттен қол ойнатқан бикұт қалмақ тиіпті. Жау жағадан алған кезде, әлгі жас келіншек дереу есін жиып, баласын бір кемпірге ұстата салып, белін буып, бұрымын төбесіне түйіп, жиде қаданы қолына алып, әйел басымен соғысқа кірісіп кетеді. Қалмақтарды тықсыра жөнеледі. Ат үстінде ерлерше шайқасып дес бермейді. Бір мезетте омырауы ашылып кетіп, әйел екені сезіліп қалыпты. Екі қалмақ кеудесіне қосыла найза салып, сол ұрыста анамызды өлтірген екен.

Әлі есімде, Сыланбай атамыз қызыл жүзгеннен мұрындық жасап отыратын. Маңайына жуықтаған жігіт-желеңге: «Сендер ғой жаспын, мықтымын дейсіндер, кеуделеріне нан піседі, шығындар, белдесейік», – деп түрегеледі екен. Жігіт-желең үлкен кісінің қаһарынан қаймығып, беттемейді екен. Әлі есімде: «Кеме қалған – кеме бар... Бір комендат келтірер» деп ыңылдап ән салып отыратын жарықтық. Әсте Орынбордан кіре тартып, орыстармен беттескен кезеңін еске алғаны болар, сірә. Жыра салып, қар суын тоқтатып, тары егіпті. Әлгі жерді «Сыланбай қазған» деседі.

Әлім, шекті – жауынгер, өнерлі халық. Көтібардың әкесі Бәтен, ал баласы Есет батыр. Көтібар Шалқардан терістікте 74 шақырым жерде жатыр. Есет батырдың бес ұлы болған, кіші ұлы Дәу кемтар, құныс болыпты. Батыр әлгі ұлына Тілеудің әнші, ақын, сұлу қызын айттырып алып бермек болады. Өзінің кіндігінен шыққан бір қызы болады. Ұзатамын дегенше әлгі қызы екіқабат болып қалады. Тілеудің қызы – есімі Таразы, келін болып түскенде екіқабат екен. Іште келін баланы бірде, «тәйт», деп қағып жібергенде, келіні ауыз жиғанша болмай:

Әй, ата, сен де кәріп, мен де кәріп,
Сен-дағы тұрған жоқсың тектен жарып.
Бұл үйге келген де екеу, кеткен де екеу,
Кетіпті үлкен үйге қыдыр дарып, – деп

айтып салыпты. Өле-өлгенше келінін сыйлап өтіпті, өсекшілерге бет қаратпапты. Көші-қон кезінде Есет батыр келініне бұрылып, өзінің баласы кемтар Дәуді нұсқап, өлең шығаршы депті. Таразы сонда мүдірмепті:

Құйрығы келте келер торы тайдың,
Сықпытын көрмеймісің біздің байдың.
Құдайым жақсы болса алар еді,
Ғұмыры ұзақ болар осындайдың!

Сонда Есет батыр: «Мына келін жаман балама келген жоқ, аруағымды сыйлап келген екен ғой», – депті. Сол Таразы – жазушы Ахтановтың апалары.

Батақтың Сарысы деген болған. Ахмет Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» кітабында Батақтың Сарысы туралы бір тарау бар. Өзі батыр, өзі әнші, орыстар атып өлтірген. Әндері шырқау, асқақ, биік регистрде. Жастайынан Шыманмен ұстасып үш рет түрмеде отырып шығады. Соңғы рет түрмеден шығып елге келе жатып:

Басына шықтым шауып Айырықтың,
Дауысымнан құйқылжыған
айырылыппын,
Он екі ай қыз көрмеген сорлы басым,
Қатынға тезек терген қайырылыппын, –

деген сөздері әлі күнге ел аузында.

Баласы мен Батақтың атым Сары,
Кеудесі әрі-сәрі елдің бәрі.
Он екі ай қараңғы үйде жатқанымда
Қара шай бір қайнатым болды дәрі.
Баласы мен Батақтың ұзын мұрын,
Қараңғы үй көргенім жоқ бұдан бұрын.
Ат мініп, ала шапан киіп алып,
Сәндікке шығушы едік кешкіқұрым, –

деген өлеңі есімде қалыпты. «Қыз қосқан», «Тарлан», «Аттың сыны» деген әндері әлі күнге халықтың аузында. Бұлардың маған тікелей қатысы болмағанымен, өзім сол Сары ақынның тұқымымын.

Өзім туған 1924 жылымды білгеніммен, айы-күнін білмеймін. Соғыстың алдында әкемнен: «Қай күні тудым», – деп сұраған едім, «Оны қайтесің», – деді. «Комсомолға өтейін деп едім». «Ит біліп пе. Теңіз жағасына қар жауды. Кешкісін ауылдың сиырына қасқыр тиді. Қасқыр қарнын жарған қара өгіздің етінен шешеңе қалжа жасап бердік. Ойымша, шамамен қараша болуы мүмкін», – деген еді жарықтық.

Нұрпейіс екі сайлауда болыс болған, екінші сайлаудың ортасында мешіт ұстаған. Имамы Бұхардан бітіріп келген Үмбет ақын. Беларан деген аласа тау бар. Қатпар-катпар тас, алқа бел ұзын, бір тұмсығын теңізге сұғып жатады. Сол жердегі ауылда оқыдым. Бізде Арқадағыдай аштық болған жоқ, теңіз жағалап балық аулаған ашықпайды екен.

Зәт дегенің үйін жалдап оқыдық. Кейде әйелі шығып: «Бүгін сабақ болмайды. Қожайын ауырып қалды», – дейтін. Ол күні қуанып үйге қайтамыз. Ақерке есімді сұлу апайымыз сабақ берді. Нұрпейіс ерте 53 жасында қайтыс болды. Қаңтарда әжем қайтыс болды. Мен де шешемді мойындаған жоқпын. Нұрпейістің кенжесі болып өстім. Сол жылы өзім жалаңаяқ болған соң мектепке бармадым. Келесі жылы екінші сыныптан оқыдым. 3-ші сыныпты Құландыда, 4-ші сыныпты Көкаралда оқыдым. Менің оқуым ит тістеген терідей болды. 5-ші сыныптан бастап дұрыстап оқыдым. 6-шы сыныпта интернатта жаттым. Әр мектепке ауысып жүргендіктен сауатым шамалы болды. Әлі күнге дейін жазған сөйлемімнен көп қате жіберемін.

10-шы сыныпты оқып жүріп, повесть жазғалы бел будым. Әскерден қайта оралсам, – баяғы жазғандарымның бәрі жоқ. Қатесі көп еді, жоғалғаны жақсы болды.

Біраз жасадым. Еш уақытта бұл жаска келемін деп ойламаппын. Тәркілеу болып жатқан уақыт есімде: Сол кездегі көп нәрсе көз алдымда. Ашаршылықты көрдім: өмірге өкпем жоқ. Қайғы-қасіреті, қуаныш-қызығы да көп болды. Аштықта есектің етін жегендер болыпты. Мектепте оқып жүргенімде күнде маған сүтке салып, бір кесе сөк беретін. Әкемнің екі әйелі болды. Кешқұрым туыстар біздің үйге жиналады. Көшелі атамыз кіріп келіп, екі келіні тазалап отырған шикі қаздың басын алып, тұмсығынан ұстап, аузына салып, ұзақ талмап шайнайтыны есімде қалыпты. Бұл аштықтың тіршілігі еді.

1943 жылы мартта лейтенант болдым. Әуелі ұшқыштар курсын оқытты. Курс маған қиын болды. Ұшқан кезде көп құсатын едім. Ұшақты қондыру да маған қиын еді.

II

Әдебиеттің жолы мен үшін сәтті жол болды. Бәрі алақанына салды, баладай әлдиледі. Әдебиетті жастайымнан жақсы көріп өстім. Ақерке апайымыздың өзі шала сауатты еді. Өзім сауатсыз болсам да, кейіннен апайдың біреуге жазған хатын оқығанда көз жеткіздім. Қатесі көп екен. Тіл сындыртқан сол кісіге өмір бойы қарыздармын.

Алғашқыда қолыма түскен кез келген кітапты оқыдым. Таңдау, талғау жоқ. Тасқа басылғанның бәрін оқыдым. Ең қатты әсер еткен кітап С.Мұқановтың «Жұмбақ жалауы» еді. Есімде қалғаны: «Мына жазушы әр кейіпкерімен бірге жүріп жаза ма екен» деп ойлайтын едім. Сана шолақ еді. 10-шы сыныпта «Балуаншолақ» повесін оқыдым. Мен 16 жасымда әлгі кітаптан алған әсерімді өзек етіп «Балуаншолақты» жаздым. «Социалистік Қазақстан» газетіне жазған С. Мұқановтың оқырмандарына жауабы көп сабақ болып, көзімді ашты. Жазудың қиындығын ерте түсіндім.

«Қан мен терді» жазғанда Тәңірбергенге өзімнің әкемнің інісі Нәжім көкемнің бойындағы бар қасиетін, болмысын беруге тырыстым. Сүйеуді Сүйеубай дейтін кісінің болмысынан алдым. Ештеңе қосқаным жоқ. Көшіре салдым.

Шалқарға келгенде шешем мені көшеде жетектеп келе жатты. Кенет кілт тоқтады. Есіміздің жисақ, бір байдың үйінің ық тұсынан жүріппіз. Бай үйінде пісіріп жатқан нанның иісі бізді есімізден тандырған екен.

Соғыстан кейін оқушы дәптеріне 12 бет етіп «Курляндия» деген роман жаздым. Дәптерге қара қаламмен жаздым. Поезбен Алматыға келдім. Күту залында жаттым. Ақшам болса да қонақ үй дегенді білмеймін. Көшеге шығып ұшырасқан адамнан: «Мұқанов қайда, Әуезов қайда, Мүсірепов қайда», – деп үшеуін кезек-кезек сұраймын, ешкім білмейді. Үшінші күн дегенде бір кісі: «Сен бұлай жүріп таппайсың, Жазушылар Одағына бар», – деп жөн сілтеді. Сонымен Панфилов паркінің төменгі жағында бір келте көшеден Одақ үйін тауып алдым. Есік аузында тұрмын. Басынан желегі түспеген жаңа түскен келіншек секілдімін. Бір кезде Тәжібаев келді, ақынды көргенде бойымды үрей билеп, тіпті, бұрышқа тығыла түстім. Бір кезде Әбішев келді, Кәкімжанова келді. «Вильс» деген мәшинемен Мұқанов келді. Ол кезде хатшы емес, төраға дейді. Мұқанов бөлмесінен шығып мені көрді. «Неге келдің?» – деп сұрады. «Сізге келген едім», – дедім. Өзімде іштей екі жоспар болды. Егер жазғаным ұнаса, өз аты-жөнімді айтамын, егер ұнамаса, жалған аты-жөн айтамын ғой деп ойладым. Мұқанов аты-жөнімді сұрағанда мен: «Каримов» дедім. «Қазір менің қолым тимейді, шаруам көп, Ғабиден Мұстафин деген жазушы бар, соған жіберсем ренжімейсің бе, менің баяндамам бар еді», – деді. Мұстафинге тілдей хат жазып берді. «Ғабиден! Мына Кәрімов жолдастың шығармасын оқып, маған ертең түстен кейін келіп пікіріңді айтуыңды өтінемін, Сәбит» – деген записка.

Ол кезде Ғабиден Мұстафин «Әдебиет майданы» деп аталатын журналдың бас редакторы екен. Ғабиденнің үйін тауып алып, Сәбең берген хатты ұсындым, оқушы дәптеріне қара қарындашпен жазылған шимай-шатпағымды ұсындым.

«Бұл не?» – деді. Мен бетім бүлк етпестен: «Роман», – дедім. Мырс етіп күлді: «Шырағым, роман деген үлкен нәрсе, мынауың 12 бет, не айтуға болады», – деп тосылып қалды. «Тамақтан кейін ұйықтап алатын едім, бір жарым сағаттан кейін кел», – деді. Ұйқыдан өліп бара жатырмын.

Вокзалдың күту залында үш күн шала ұйқы болған адаммын. Көшеге шығып әр есікті қағамын. «Ұйықтап алайын», – деп өтінемін. Ешкім кіргізер емес. Әлден уақытта бір орыс әйелі есігін ашып бетіме қарап ойланып тұрды да, бәлкім, үстімдегі лейтенант киімім әсер етті ме, мүсіркеген сыңаймен үйіне кіргізді. Қуықтай қараңғы бөлмесіне өткізді. Сынық диванға құлай кетіп едім, қандала ду еткізіп түгіп қоя берді. Соған қарамай қатып ұйықтаппын. Ертесіне Сәбит Мұқановтың бөлмесінде кездестік. Мұстафин: «Жазу қолыңнан келеді екен», – деп айтқаны сол, қуанып кеттім. «Ағайлар, кешіріңіздер. Менің фамилиям Каримов емес, Нұрпейісов» деп шынымды айттым сол жерде.

Мұқанов осы оқиғадан кейін біраз ойланып отырып қалды:

– Бала, енді не істейсің? – деді.

Мен:

– Елге барып романымды жазсам, – дедім. – Әкем соғыста өлген. Елде бір немере апайым бар еді, соғыстың алдында татардан сатып алған үйі бар еді, күйеуі соғыста өлген.

Сол жерде Мұқанов телефонды біраз бұрап Талалаев деген кісіге телефон шалды, сөйтсем, әлгі кісі сол кездегі Главиздаттың бастығы екен. Жарықтық Сәбең сол жерде қадалып отырып, мен үшін қалам, қағаз сұрады. Дереу жеңіл мәшинесін беріп, әлгі телефон шалған бастыққа барып қайтуымды өтінді. Талалаев маған 11 кіле қағаз босатты. Қайтып оралдым.

Сәбең иығына ауыр жүк түскен кісідей біраз ойланып отырды:

– Ауданнан райкомды танисың ба? – деді.

Мен райком дегеннің не екенін білмейтінімді айттым. Жазушы ағамыз көп әуреленіп, тағы бір қосымша жігіттерді жұмсап, Шалқар аупарткомының бірінші хатшысының аты-жөнін сұрап біліндерші деді. Ертесіне келсем, Мұқанов Шалқардағы Букешев Дәден деген райкомның бірінші хатшысына хат жазып қойыпты.

Әлгі хатты ерінбей машинкаға басқызыпты.

«Мына жігіт дарынды, болайын деп тұр, роман жазады, шығармасын аяқтағанша жәрдем беріңіздер» – деп жазыпты.

Рахмет айтып, хатты алып, қоштасып шығып бара жатқанымда Сәбең қарлығыңқы даусымен:

– Бала, Пролетарская 11 деген адреске хат жазып тұр, жоғалып кетпе! – деп қатты тапсырды.

Шынымды айтсам, сол кезеңде өзімнің тарапымнан қозғау, сұрау, жалыну болмапты. Мен үшін күйіп-жанып, өзі ойланып, өзі кесіп-пішіп, бар істі тындырып жүрген Сәбең ағамыз екен. Мұндай жақсылықты әкемнен де көрген емеспін.

Сол кезде үлкен жазушы ағамыздың жойқын қызметін я балалықпен, я шалалықпен сезіне бермеппін. Осының бәрін кейінше ойлап, өз-өзімнен қысыламын баяғы.

Қаңтардың бірі күні жол қапшығымды арқалап елге шықтым. Шалқардан ауданның басшысын көп іздедім. Райком кеңсесін іздеп жүріп тауып алдым. Букешев әкеліп берген хатымды асықпай оқып шықты. Хизматулин деген қалалық сауда бөлімінің бастығын шақырып алды. Ерінбей отырып тізім жасады. 22 зат, ішінде тұз, сіріңке, сабын, тағы сондайлар толып жатыр. Таңғалғаным сонша, талып түсе жаздадым.

Әскерде жүргенде тамақ байдан, өлім құдайдан деп жүре беріппіз. Төрт жыл соғыста елдің жағдайын еш білмейді екенбіз. Коммунизмде жүріппіз. Енді келіп қарап тұрсақ, елдің жағдайы өте ауыр, тұрмыс жұтаң, нан, тұз, сабын бәрі карточкамен беріледі. Елде жылан жалағандай, түк жоқ. Ішетін тамақ жоқ. Қарындаш-қағаз жоқ. Кілең жамау-жасқау, киім өрім-өрім.

Апайым барып әлгі 22 түрлі затты алып келгенде, көршілер кілең ебіл-себіл, жалаңаш, аш, аспаннан шұға жауғандай сезінді. Сонымен мен 1947 жылы бірінші қаңтар күні романға отырдым.

Көшеге шығып бір қызбен танысып, аздап жүріп қойдым. 10-шы сыныпты бітірген әп-әдемі қараторы қыз екен. Алдында мектеп директорымен байланысы болған секілді. Екіқабат болып қалды.

Ұзамай Аралға кетіп қалдым. Бізге шөбере, Рыбсоюзда бас бухгалтер болып істейтін, үш бөлмелі үйі бар, тұрмысы тәуір ағай бар еді, соны сағалдым. Мамыр айында Сәбит мені шақырды. Бардым. Жазғанымды көрді де, Т.Нұртазин есімді сыншыға оқытуға жіберді. Қонақ үй қымбат, жатқанда – вокзалда күту залында жатамын. Сағат екіде кейін ғана ұйықтауға болады. Нұртазин жазба түрде пікір жазып берді. Қайта айналып Сәбитке келдім. Кешқұрымғы уақыт. Сәбит кетейін деп жатыр екен: «Мәшинеге мін, жолай апарып тастайын», – деді маған бұрылып: «Қай қонақ үйде жатырсың?»

Мен екінші вокзалда, күту залында қонып жүргенімді айттым.

– Ойбай, көтек, – деді, сөзінің сияғы сондай еді Сәбеңнің, – ендеше, Өксікбай, үйге тарт, біздің үйге барамыз, – деді жүргізушісіне.

Сәбеңнің үйі Артиллерийская, 35, осы күнгі Құрманғазы мен Фурманов көшесінің бұрышында, особняк үйде екен. Мәриям жеңгей күліп қарсы алды. Ұйқыдан өліп бара жатырмын.

– Мәке, мынау пақыр бала вокзалда жатады екен. Бүгінше үйде қонып шықсын, – деді Сәбең.

Ғұмырымда бірінші рет, 47 жылы мамырда, ас үйдегі диванда, асты-үстім әппақ сейсеп, рахаттанып қатып қалыппын. Ертеңгісін бауырсақпен шай іштік. Сәбең сөз бастады.

– Мәке, пақыр бала вокзалда жатады екен, әдебиетші, шығармасын оқыдық. Кеткенше біздің үйде жатсын, – деді.

Сонымен, Сәбеңнің алты баласы бар екен, жетінші баласы болдым. Астымда әппақ төсек, алдымда ыстық шай, жылы үйде жатамын. Ұйқыдан өліп қалған басым күңзаққа домалап жата беремін. Төрт күннен кейін қайтатын болдым. Жол жүрерде Сәбең:

– Сен бала, телефонды жазып ал, енді келетін болсан 42-15 телефонға званда, я хат жаз, я хабарлас, – деп қатты тапсырды.

1947 жылдың қазан айында жас жазушылардың Республикалық кеңесі өтті. Семейден – К.Оразалин, Ақтөбеден – Т.Ахтанов, соғыстан жақында оралған беті Мәуленов, Молдағалиев, Шәймерденов, ығай мен сығай сеңдей ығысады. Мендей емес, керемет дайындығы бар ма, Тахауи сөз сөйледі. Сол сөзімен-ақ Союзға мүшелікке өтті. Зейнолла бір өлеңімен мүшелікке өтті. Сол жолы Кәмен одаққа мүше болып өтті. Мен өткенім жоқ.

Елге қайттым, баяғы романды аяқтасам деймін.

Аралдың шет жағында, ауданда, ағайдың үйінде тұрып жаттым. Таң қараңғысынан оянамын, үй мұздай. Отын аз. Сығырайтып майшам жағамын. Әлі күнге ерте тұратыным содан. Саусағым, мұрным қатып қалады. Көрпеге оранып отырып жазу жазамын. Ағай мен жеңгей қолдан келген жағдайын жасап бағады.

1948 жылы наурыз айында бірінші хатшы Шаяхметов, идеология хатшысы Омаров ел-елден жазушыларды шақырып жиналыс өткізді. Сол жиналыста Сәбит сөйлеп:

– Нұрпейісов әскерден келді, роман жазып жатыр, талантты, менің қазақ әдебиетінде жиырма жыл күткен адамым енді келді! – деп жұртты елең еткізіпті.

Бұл жолы жазғанымды тағы қарауға Нұртазинге жіберді. Артынша Мүсіреповке жіберді. Мүсірепов ыңыранып сөйлейтін кісі екен, наурыз айында ЦК-да өткен жиналыста болғанын айтты: «Сәбит бүлдірмей жүрмейді. Жиырма жыл күткен адамым келді деді». Сонда Шаяхметов: «Сәке, жас жігітті бұлай мақтауға болмайды», – деп қайырып тоқтатып тастады», – деді.

Сәкең бұдан бұрын бұл оқиғаны өзіме айтқан: «Сол сөзім Мүсіреповке тиіп кетті», – деген еді. Ішім қылп ете қалды.

Әңгіменіз жүйесіздеу болып бара жатыр ма, қайдам. Бұл өзі архивке берілетін материал, қажетіңе жарайтын болса, маңызы табылса – осынау ажарсыз әңгімеден бірдеңе шығып қалар. Бір аңғаратын, астын сызатын жайт: кішкентайымнан, көзімді тырнап ашқаннан талпыну, ынта, жігер тегіс айтылды. Сол кездегі Сәбең, Ғабиден, Нұртазиннің ықылас-пейілі, қамқорлығы, адамшылығында шек жоқ. Сәбең жарты жылда алдына бір шақырып алады. Шақырып алады да былай дейді:

– Мына қағазды ал, арыз жаз, менің атыма, 3 мың сом сұрап жаз, – дейді.

Арыз жаза алмайтынымды айтамын. Сонда өзі айтып отырып жазғызады. Бұрыштама соғып ылғи қолыма үш мың сом ұстатады. Бұл не қылған батпан құйрық деп ойлаймын. Сейтсем, литфондыда жас жазушыға арналған қайтарымсыз жәрдем болады екен. Кейінше білдім.

1948 жылдың мамырында болар, Сәбеңнің үйінде жатам. Бір жолы Мұстафиннің үйіне қондым. Ертесіне қайтып айналып үйге келсем, үстел үстінде қағаз жатыр. Сәбеңнің кіші қызыл тілі келмей, мені «Әбижәми» дейтін, қайтыс болғанға дейін мені «Әбижәми» деп өтті. Сол запискада төмендегіше сөздер жазылыпты. «Әбижәми! Мүсіреповпен келістім. Шығармаңды оқитын болды. Үйіне барып оқытып тұр. Есіңде болсын, Ғабит мендей жалпақшешей емес, алды тар, қытымыр адам, байқа», – деп жазыпты.

Осы жерде есіме түсіп отыр, Жамбыл – өзіміздің Жәкең – өзі білетін әдебиет маңайындағы адамдарға ат қойғыш еді. Мысалға: Сәбитті – Балуаншолақ дейтін; Ғабитті –Иіс май дейтін; Әуезовті – Қоңыр; Әбділдәні –Толағай; Шаяхметовті – Таз; Оңдасыновты – Қоңырат; Ғали Ормановты – Ұнға басын тығып алған бұқпа торғай бала; аудармашы Павел Кузнецовті – Шернейсоп дейтін. «Ол кісі ренжіп қалады ғой», – десең: «Қызын пәлен етейін, сендерше солай шығар, мен үшін әлгі орысың Шернейсоп», – деп тұрып алатын. Шамасы, жас кезінде Ташкенге кірешімен бірге барғанда Шернейсоп деген орыспен істес болса керек.

Осы кісілер, ағаларымды айтамын, неге екенін білмеймін, әдебиетке апыл-тапыл жаңа ғана келген маған ерекше қамқорлықпен қарады. Алды тар, қытымыр дейтін Ғабиттің өзі бауыр тартып басқаша қарады: Кенен Әзірбаев ол кісіні князь дейтін. Хұсни жеңгей көйлегін өтектеген кезде су бүрікпей, су орнына тройной одеколон бүркіп өтектейді екен. Сол кісінің өзі жазғанымды оқып шығып, сөзімді тыңдап: «Пікірімді орысша жазайын ба, қазақша жазайын ба» деп сұраған еді. Мен қысылып қалдым. Ол кісілердің алдында өзімді әдеппен, кейде кереметтей ибалы ұстаушы едім, Сафуан, Тахауи еміне-ркін сөйлесетін. Өзім қысыла беретін едім.

Ғабең пікірін жазып, Союздағы Валентина Петровнаға басуға беріпті. Пікірі төмендегіше шықты. Қайнекей хатшы, оқып берді. «Қазақ көркем сөзінің мықты бір тұлғасы болады деген сеніммен!» деп жазыпты. Алды тар, қытымыр, тәкаппар, тік мінез деген кісінің жазғаны осындай.

Сол хаттардың, записканың бірі де жоқ. «Курляндияның» қолжазбасы да жоқ. Баяғы ауыл баласының ойлау қабілетімен қалдым. Ешқандай қолжазбам сақталмапты. Қазақы, кеңқолтық, жайбасарлығым жеңіп кете ме, батыстың мәдениетіне, қабілетіне үйрене алмай-ақ қойдым.

Мені тұлғалар өсірді. Өсу жас кезде де, есейген шақта да үзілмейді екен. Шынын айтсам, кәсіби шеберлік жағынан бір ықпал, жүріс-тұрысы жағынан бір ықпал, ойымен, парқымен бір ықпал ететін адамдар өмірде көп болды. «Сізге қоғамда кімдер ықпал жасады» дегенде соғыстың алдында да, соғыстан кейін де жазушылығыма бірі – Әуезов, екіншісі Мұқанов үлкен ықпал етті. Бәріне тоқтала бермей-ақ қояйын.

Соғыстың алдында, соғыстан кейін де бір-біріне текетірес екі көзқарас, екі пікір қайшылығы алдымызда көлденеңдеп жатты. Осы екі текетірестің басында екі үлкен тұлға тұрды: Бірі – Әуезов, екіншісі Мұқанов. Екеуінің көзқарасы көбіне бір-біріне қайшы келіп жатты. Әдебиет бұл күнгідей емес, қызықтау еді. Қолжазбаға, жаңа дүниеге немкетті қарамайтын, жанын салатын. Одақ іргесінде талқылау қызу жүріп жататын. Пьеса, поэма, роман болсын, я Одақта, я бір үйге жиналып алып оқып, дуылдасып талқылап жатушы едік. Айтыс қызу жүретін. Ресейде, өткен ғасырда «Литературный салон» деген болды. Біздің бас қосуымыз соған ұқсайтын. Кешегі күні ПЕН-клубты сондай қызу талқылау үшін ұйымдастырған едім, жылы пейілмен ұшырасатын дастарқан басын, пікір-талас үстелін құрғым келді.

Сәбең «Ш.Уәлиханов» пьесасын үйіне кісілерді жинап, дастарқан басында отырып талқылаған еді. Жиында Шыңғыс Айтматов болды. Сызданып отырып Ғабит Мүсірепов соңынан сөйледі. Әлі есімде: «Ақылдың қасіреті» пьесасында Чацкий Петербордан кететін кезде, мына азып-тозып бара жатқан қоғамға, надан қауымға, тоғышарларға қаратып айтпаушы ма еді: «Маған күйме! Әкеліндер күймені!» деп, Шоқан да сол Грибоедов кейіпкері секілді бір сілкініп алып, тоғышар, тымырсық қауымнан кетуі керек қой», – деп көсілген еді ол кісі. Содан кейін Одақта талқыланды. Ол талқылуда Мұхаң ұзақ төгіліп сөйлеген еді.

Қазір қарасам: ондай талқылаудың аты да, заты да жоқ. Жазушыға бір сын-пікір айтсаң, өмір бойы көрместей болып кетеді. Баяғы ағаларымыз әлгідей жиын үстінде жүз шайысып кетіп, артынан сүйісіп, қоштасып жатушы еді. Жеке басын сыйлауға келгенде – ауызбірлігі басым түсіп жататын. Бір-бірінің қадір-қасиетін қатты түсінуші еді, бағалай білетін.

Мәскеуде оқып жүрген кезім. Ғали Орманов «Анна Карениниды» аударыпты, соған 1948 жылы 25 бет пікір жазған едім. Рецензияны журналдан оқыған Сәбең: «Әрине ол аудара алмайды. Қарымы жететін Әуезов қана», – деді. Екінші бір жолы Сәбең: «Қазақ жазушыларының ішінде Мұхтардай тілі бай шебер жоқ», – деген еді. Көріп отырсыз, бір-бірін сыйлауға келгенде ылғи биіктеп сөйлейтін, азаматтық тұлғасы әлдеқайда жоғары еді.

Әдебиетке келуіме әрқайсысының орны, ықпалы болды.

Қырқыншы жылы «Ботагөзді» оқыдым, әдебиетші болуға, көзқарасымның қалыптасуына роман үлкен ықпал етті. Әйтсе де, неге екенін білмеймін, тікелей жауап бере алмаймын: жазушылық ішкі сезім дейсіз бе, инстинкт дейсіз бе, Мұхаңа іштей жақын болдым, тәнті едім, Әдебиеттегі академигім, ұстазым, әйтсе де, жан-тәніммен жақындасып кете алмадым.

Шынымды айтсам, күркіреп, дөңбекшіп жатқан теңіз жағасында тұрған кісінің бойын әлдеқандай үрей билейді емес пе? Теңіздің түпсіз тереңдігінен бе, әлде арсыгүрсі жағаны ұрған толқыннан ба, әйтеуір, кісіні үрей сезімі тұсап тастайды. Мен үшін Әуезов те сондай болатын. Қорқатын едім дегенді ауызға алмай-ақ қояйын, Мұқаннан жүрексінетін едім. Шыным осы!

Сәбеңнің «Өмір өткелдеріне» 8,5 бет сын жазған едім. Ол кісі мақалама қатты ренжіді. Әлгі сын батып кеткен болуы керек. Өмірінің соңғы кезінде біраз уақыт көрмей кетті. Бір күні үйінің алдында отыр екен. Герольд екеуіміз көше бойлап келе жатып беттесіп қалдық. Сәбең басын көтеріп алды да жарықшақ даусымен:

– А, жолдас, келіп қалдың ба, білгіш болсаң, айтшы, – деп қолындағы таяғымен жаңа туып келе жатқан көктегі бір жұлдызды нұсқады, – анау жұлдыздың аты не? – дейді.

Жауап бере алмадым. Ренжіп жүргенін білдім. Кейінше

БАЙҚАУ

ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ЖАЗУШЫ ӘЛЕМІ

Облыстық тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастырумен халық жазушысы, қазақ әдебиетінің классигі Әбдіжәміл Нұрпейісовтің 90 жылдығына орай облыстық "Тілдарын-2014" олимпиадасы болып өтті.

Шара үш тілді қатар меңгерген қабілетті жастарды анықтау және оларды қолдау, тілдік қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырып, жастарды ұлтжандылыққа, бірлікке тәрбиелеу, қазақ, орыс, ағылшын тілін жетік білетін тұлғаны дәріптеу мақсатын көздейді.

Сайысқа 18-25 жас аралығындағы құрамында жоғары және орта оқу орындарының оқытушылары мен студенттері, мектеп мұғалімдері бар барлығы 20 талапкер қатысты. Сайыскерлердің қабілеті мен біліктілігін ҚМУ-дың оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Аман Әбәсілов жетекшілік еткен қазылар алқасы бағалады. Сарапшылар талапкердің тілдерді меңгеру деңгейіне, жазу сауаттылығына, берілген жауаптың мазмұны мен оралымдылығына, сөздік қорының байлығына назар аударды. Байқаудың "Тұсаукесер" кезеңінде классик жазушының шығармашылығына арналған сұрақтар қойылып, талапкерлердің білім деңгейі сыналды.

Байқау қорытындысында "Қазақ-Қытай" академиясының 4-курс студенті Гүлшат Арыстанқызы барлық сындардан сүрінбей өтіп, жүлделі I орынды иеленді. Ал екінші және үшінші орынға М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледж студенті Маржан Ердібек пен Жалағаш ауданындағы №123-ші мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Әйгерім Ысқақова ие болды. Қаладағы №101-ші мектеп пен Қармақшы ауданындағы №249-шы мектеп-лицейінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері Мөлдір Мәмбетәлиева мен Мейрамкүл Өтегенова ынталандыру сыйлығын иеленді.

Үш тілділер сайысының жеңімпаздарын облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Әлімжан Жарылқағанов құттықтап, оларға сый-сияпат көрсетті. Байқау жеңімпазы Г.Арыстанқызы Павлодар қаласында өтетін "Тілдарын-2014" байқауының республикалық кезеңіне жолдама алды.

Атақты суреткердің шығармалары шетелдің ондаған тілдеріне аударылып, әлем әдебиетін дамытуға сүбелі үлес қосты. Байқауда жазушының осы еңбегі көрініс тапты.

Гүлнұр РЕЙМБЕРГЕН.

Арақты таста! Жаңа өмір баста!

«АлкАтекАктив»

Сәйкестік сертификаты РОСС RU.AE-96H06507 от 12.12.2013

Заманауи жоба! Алкогольге тәуелділікке қарсы әсер ететін химиялық емес аса қуатты формула! Алкогольге құштарлықтың әлсіреуі, алкогольден толықтай арылу!

«АлкАтекАктив» – бұл:
- алкогольге тәуелділіктен арылтатын табиғи кешен;
- алкогольге құмарлықты өзгертетін табиғи құрам;
- жүрек-қан тамырлары, жүйке, ас қорыту жүйелері мен бауырдың ферменттік жүйесіне табиғи әсер ету формуласы.

Мен – ерекше, кәсіпқой әрі күшті шипа беруші, сонымен қатар ешқандай да жоғары білімсіз, дипломсыз наркологпын! Бұлай деуімнің себебі – маскүнем күйеумен он жылдық отбасылық өмір тәжірибем бар және қол жеткізген нәтижем барлық медициналық дипломдардан артық. Мен күйеуімді арақтан бір жылдың ішінде ажыратып алдым.

Бұрын күйеуім үнемі ішетін, екі-үш аптаға дейін тоқтамай салынып ішетін кездері болған. Үйдегі бес жасар қызым Катя екеуміз үшін бұл тозақтан бетер еді. Күйеуім ылғи ұрыс, төбелес шығаратын, бағалы заттарды, видеотехниканы, киімдерді, басқа да бұйымдарды араққа сатып жіберетін. Бірде тіпті маған балта ала жүгірген кезі бар. Абырой болғанда, көршілер таяу маңнан табылып, көмектесті.

Күйеуім кейде салынып ішуін доғаратын. Мұндайда ол сауығып, бірақ солғын тартып жүреді. Өкінеді. «Үлгілі отағасы» кезеңі басталады.

Ол жұмысқа тұрды, бала тәрбиесіне қарайтын болды. Ал кейін бұрынғы қылығын қайта бастады...

Бірде мен өзіме: «Жетер! Біздің отбасында енді маскүнемдікке жол жоқ!» – дедім. Өйткені әбден мезі болған едім, бұл тозақтан құтылу үшін барлығын жасап баққанмын. Күйеуім «кодталды», наркологиялық диспансерде де, биотокпен де емделді. Олардан әсер болды, бірақ ұзаққа созылмайтын.

Қысқасы, алдыңғы жылы мен маскүнемдікке ұшырап, оның тырнағынан құтылған адамдардың нақты тәжірибелерін зерттеуге кірістім. Мен халықтық тәсілдерге назар аудардым, арақты тастаған адамдарға телефон шалдым, хат жаздым, олармен кездестім. Ақырында маған маскүнемдікпен күресте көмектесетін ескі халықтық ем негізінде жасалған жаңа, заманауи құрал жөнінде жұрт аузынан естігенім жәрдем берді. Бұл құрал ғасырлар бойы қолданылу тәжірибесінен өткен екен.

Мен оның құрамына кіретін табиғи компоненттердің бауырдың алкогольді өңдеуге жауапты ферменттеріне, бауырдың ғана емес, ұйқы безінің де атқарымдық күйіне белсенді әсер ететінін білдім. Ол сондай-ақ алкогольдік синдромның алдын алады, ішкіш адамның психикалық және эмоциялық күйлерін қалпына келтіреді екен. Ал, тәжірибе жүзінде анықталған ең бастысы, ол ас қорыту деңгейінде алкогольге деген жиіркенішті туындатады.

Қазір, нақты нәтиже көргеніме бір жыл толғаннан кейін патенттеліп, «АлкАтекАктив» деген атауға ие болған бұл ерекше табиғи формула жөнінде батыл түрде айта аламын. Ол біздің отбасы үшін құтқарушы болды. Қазір күйеуім арақты татып алмайды.

Мені маскүнемдікпен өмір сүріп азапқа түсіп жүргендердің барлығы да түсінеді ғой деп ойлаймын.

Оның құрамындағы AAA@ – алкогольге құмарлықты және алкогольден улану кезіндегі жайсыз әсерлерді өзгертетін патенттелген өсімдіктекті кешен.

AAA@ – тау өсімдіктерінің табиғи қуаты мен емшіліктің ғасырлық тәжірибелерін және алкогольге тәуелділік кезіндегі емнің тибеттік әсер ету тәсілдерін біріктірген табиғи таза құрылым.

Құрамында AAA@ табиғи сығындысы, копринус (шампиньондар тобына жататын, маскүнемдікке қарсы қолданылатын ақ түсті саңырауқұлақ), қарапайым түлкішек (лисичка обыкновенная), жайылып, сұлап жатып өсетін жебіршөп (тимьян ползучий), годжи (Азия аумағында өсетін дәрілік өсімдік) жемісі, сүйементамыр (любисток), асылтекті лавр, шұрық-тесікті шайшөп (зверобой), ащы жалбыз (мята), дәрібалдырған (дягиль) және артемиядан (теңіздің таяз аумағында, тұзды көлдерде тіршілік ететін шаянтәріздес жәндік) алынған шипалы заттар бар.

Менің отбасылық жағдайым күні кешеге дейін өте қиын болды. Өйткені күйеуім күнде ішіп алатын. Арақ тұрған жерде береке болушы ма еді? Күнде айқай, ұрыс пен жанжал, кейде өз үйіме өзім сыймай қиналатын кездерім көп болғанын жасырмаймын. Ал ақылын алкоголь жеңген күйеуім біздің жанымызға бататын ауыр сөздер айтып, қол көтеретін. Балаларға да қол жұмсағанда араша түсе алмағаныма қиналып, өзімді кінәлі сезінуші едім.

Отбасылық береке мен үйдегі тыныштықты аңсап, арақтан құтқаратын амал іздеп жүргенімде бірнеше рет «Алкатекактив» жайлы жақсы пікір естідім. Сосын оның көрме-сатылымына қатысып көруге бел будым.

Бұл жерге менімен тағдырлас адамдар көп жиналыпты. Сонда мен бақыты үшін күресіп жүрген жалғыз өзім емес екенімді ұқтым.

Ал 6 қорап «Алкатекактив» алып, оны күйеуіме 2 ай бойы күніне 3 реттен ішкізгеннен кейін керемет нәтиже көре бастадым: күйеуім арақ ішуін азайтты. Бұрынғыдай түн ішінде бас жазатын дос іздеп кетпейді, дүкеннен қарыз сұрап ұялтпайды. Балаларға да мейіріммен қарайтын болды. Отбасымызға береке кірейін деді. Енді «Алкатекактивті» тағы бір ем курсын қабылдасақ па деп отырмыз. Ал біз сияқты отбасында берекесі қашқан адамдарға айтарым, арақтан құтқаратын амал бар, сол үшін қамықпаңыздар, ойланбай «Алкатекактивті» алыңыздар!

Гүлзат.
Тараз қаласы.

АлкАтекАктивтің айрықша қасиеттері туралы сіз мына күндері өткізілетін сатылым кезінде біле аласыз:
Қызылорда қаласында 16-қазан сағат 10.00-ден 11.00-ге дейін №3 гимназия Жанқожа батыр көшесі, №5

БАҒАСЫ – 2500 ТЕҢГЕ, ЕМДЕУ КУРСЫ – 6 ҚОРАПША

«Алтай шипагері» бальзамы

Қан қысымын қалпына келтіріп, құлақтағы шуды кетіреді, простата аденомасында, буындардың сырқырауы мен ауырында, қант диабеті, эндокриндік жүйенің бұзылуы, асқазан-ішек жолдарының ауруларына жақсы көмек көрсетеді.
Бағасы - 3500 теңге, зейнеткерлерге 3000 теңге.

Сәйкестік сертификаты № РОСС RU. AE96.HO4264, 2011 жылғы 29-шілдесінде берілген.

«Тас майы +7»
(күшейтілген кешен)

Ағзадағы микроэлементтер тепе-теңдігін қалпына келтіреді. Қан құрамын жақсартады.
Бағасы – 3000 теңге, зейнеткерлерге – 2500 теңге.

Сәйкестік сертификаты № РОСС RU. AE96.HO4100, 2011 жылғы 25-сәуірде берілген.

Байланыс телефондары:8-701-677-42-42, 8-777-114-13-20

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ
Фермер өсіп көркейсе – көркейеді туған ел!

КЕЛЕСІ БАҒЫТТАР БОЙЫНША ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУДЫҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ:

ТАУАРЛЫ-СҮТ ФЕРМАЛАР
КӨКӨНІС ҚОЙМАЛАРЫ
ЖЫЛЫЖАЙЛАР ЖӘНЕ СУАРУ ЖҮЙЕСІ
АСТЫҚ ҚОЙМАЛАРЫ
АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАР
ҚҰС ФАБРИКАЛАРЫ
ЖҰМЫРТҚА ЖӘНЕ ЖҰМЫРТҚА ҰНТАҒЫНЫҢ ӨНДІРІСІ
МАЛ БОРДАҚЫЛАУ АЛАҢДАРЫ
ЕТТІ ҚАЙТА ӨҢДЕУ ЗАУЫТТАРЫ
ЖЕМШӨП ӨНДІРІСІН ДАМЫТУ
ШОШҚА ӨСІРУ
БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

WWW.KAF.KZ

Біздің мекен-жайымыз:
Қызылорда облысы бойынша филиалы
Қызылорда қ., Желтоқсан к-сі, 46/48, 3 қабат
Тел. 8(7242) 23-00-74, 23-00-59
e-mail: kzl@kaf.kz

ХАБАРЛАМА

«ПетроҚазақстан Инк.» компаниялар тобы – «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ және «ПетроҚазақстан Венчерс Инк.» филиалы «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2015 жылға арналған іс-шаралар жоспарының» жобалары бойынша қоғамдық тыңдау рәсімін өткізеді.

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 57-бабына сәйкес барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерді 2014 жылғы 30 қазан күні сағат 10.00-де Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі, 13 мекенжайында орналасқан «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ бас офисіндегі 408-кабинетке өтетін қоғамдық тыңдауға шақырамыз. Байланыс телефондары: 8 (7242) 29-93-90 және 29-95-72, факс: 8 (7242) 27-72-71.

ҚҰРМЕТТІ ҚАУЫМ!

Сіздерді 10-12 қазан күндері Қызылорда қаласында және Шиелі ауданында өтетін «Алтын күз-2014» мерекесі аясында өткізілетін «Мәңгілік ел киелі – өркендеген Шиелі» атты мерекелік шараға қатысуға шақырамыз.

Бағдарламада:

10 қазан сағат 10.00-де

Ботабай ауылындағы № 228 мектепке қоғам қайраткері Шәймерден Бәкіровтің бюсін ашу

Өтетін орны: Шиелі ауданы, Қоғалы ауылдық округі

Сағат 12.00-де

Қоғам қайраткері Шәймерден Бәкіровке арналған «Ізгіліктің нұрын сепкен тұлға» атты ғылыми-танымдық конференция

Өтетін орны: Қызылорда қаласы, Студенттер сарайы

11 қазан сағат: 12.00-де

Қазақстан Республикасының халық жазушысы Мұхамеджан Қаратаевтың атына Шиелі кентінің орталығынан көше беру рәсімі

Өтетін орны: Шиелі кенті

Сағат:15.00-де

«Жүректерге жыр толтырған тұлғалар» атты республикалық ақындар айтысы. Айтысты белгілі өнертанушы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Жүрсін Ерман жүргізеді.

Айтысқа қатысатын ақындар тізімі:

1.Бекарыс Шойбеков – Оңтүстік Қазақстан облысы
2. Балғынбек Имашев – Астана қаласы
3. Мақсат Аханов – Қарағанды облысы
4. Иранғайып Күзенбаев – Шиелі ауданы
5. Мейірбек Сұлтанхан – Шиелі ауданы
6. Ерлан Әміров – Шиелі ауданы
7. Нұрмат Мансұров – Қызылорда облысы, Сырдария ауданы
8. Мөлдір Айтбай – Қызылорда қаласы

Өтетін орны: Шиелі кенті, Салтанат сарайы

12 қазан сағат: 08.00-де

«Алтын күз-2014» мерекесі аясында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі

Өтетін орны: Шиелі кенті, Ы.Жақаев көшесі

Сағат: 10.00-де

Әнші, сазгер И.Құтпанұлының атындағы орталық стадионды және ескерткішті ашу, «Алтын күз-2014» мерекесі аясында қазақ күресі, қол күрес, кір тасын көтеруден сайыс

Өтетін орны: Орталық стадион

Сағат: 11.00-де

«Алтын күз-2014» мерекесі аясында «Мәңгілік ел киелі-өркендеген Шиелі» атты театрландырылған қойылым, ауыл шаруашылығы сала үздіктерін марапаттау, концерттік бағдарлама

Өтетін орны: Орталық стадион

Сағат: 20.00-де

Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен гала-концерт, мерекелік отшашу. Гала концертке әнші, ақын, сазгер, ҚР Еңбек сіңірген қызметкері Лена Әбдіхалықова, эстрада сахнасында өзіндік орны бар, танымал «Алаш ұлдары» тобы мен жерлесіміз Бауыржан Оспанов және т.б. өнер жұлдыздары өнер көрсетеді.

Өтетін орны: М.Шоқай атындағы орталық алаң.

ҚАМҚОРЛЫҚТАН ҚАҒАЖУ ҚАЛМАЙДЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында мүмкіндігі шектеулі азаматтарға көбірек көңіл бөлу керек, олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуы тиіс деген болатын.

Аудан әкімі бюджеттен 3 миллион теңге қаржы бөліп, сол қаржының арқасында бірқатар іс-шаралар өткізілді. Атап айтқанда, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесінде мүмкіндігі шектеулі әйелдерге құрмет көрсетілсе, Наурыз мерекесіне орай 50 мүгедекке сый-сияпат жасалды. Сондай-ақ, 1-мамыр – Қазақстанның халық бірлігі күні, 7-мамыр Қазақстан Қарулы күштері күнінде мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған үлкен қайырымдылық шара ұйымдастырылса, 1 маусым – Балаларды қорғау күніне орай мүмкіндігі шектеулі балалар арасында спорттық шаралар өтті. Жеңімпаздарға мақтау қағаздары мен сыйлықтар тапсырылды.

Бұдан басқа шілде айының 16 жұлдызында мүмкіндігі шектеулі жандар арасында аудандық спартакиада ұйымдастырылып, 12 тамызда аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанынан мүмкіндігі шектеулі жандардың демалып, көңіл көтеретін аула клубы ашылды. Ал, айдың соңында мүмкіндігі шектеулі жандар арасында "Бәріміз бірдейміз!" атты аудандық көркемөнерпаздар байқауы өткізілді. Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі жандарға қызмет көрсететін "ИнваТакси" жұмыс жасайды.

Жоғарыда аталған іс-шараларға қол ұшын созып, қамқорлық көрсеткені үшін аудан әкімі Бақыт Дүйсенұлына мүмкіндігі шектеулі азаматтар атынан алғысымыз шексіз.

Е.ТҰРЫМ,
Қазалы аудандық мүгедектер қоғамының төрағасы.

Қызылорда облысында инвесторлардан шығыстарының бір бөлігін өтеу бойынша өтінімдер қабылдау басталды

«Қазагромаркетинг» АҚ Қызылорда облысында инвестициялық субсидиялау үшін инвесторлардан өтінімдер қабылдайтыны туралы хабардар етеді.

Инвестор ретінде Қазақстан Республикасында инвестициялық салынымдарды жүзеге асыратын агроөнеркәсіп кешен субъектісі болып табылатын жеке және заңды тұлғалар қарастырылады.

Инвестициялық субсидиялар Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешеніндегі жаңа өндірістік қуаттар құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге бағытталған шығындардың бір бөлігін өтейді.

Инвестициялық субсидиялау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылдың 29 сәуіріндегі №421 қаулысымен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салынымдар кезінде жұмсаған шығыстарының бір бөлігінің орнын толтыру бойынша субсидиялау қағидалары негізінде жүзеге асырылады.

Өтінімдер келесі мекен-жай бойынша қабылданады: Қызылорда қ, М.Әуезова к-сі 26. «Қазагромаркетинг» АҚ.

Байланыс телефондары: Қызылорда қ-сы 8 (7242) 26 44 29; 8 771 088 02 98, Арал қ-сы 8 (72433) 2 45 37, 8 771 088 03 15, Ойтеке би кенті 8 (72438) 2 38 27, 8 771 088 03 14 , Жосалы кенті 8 (72437) 2 12 42, 8 771 088 02 95, Жалағаш кенті 8 (72431) 3 24 61, 8 771 088 03 16, Тереңөзек кенті 8 (72436) 2 22 17, 8 771 088 02 96, Шиелі кенті 8 (72432) 4 25 97, 8 771 088 03 19, Жанақорған кенті 8 (72435) 3 14 67, 8 771 088 02 94.

«Қазагромаркетинг» АҚ Call-центрі 8 800 080 70 80 нөмірлері бойынша жолдауға болады (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін).

Жарамсыз деп есептелсін

Әмірбек Гүлназ Айнабекқызының атына Қызылорда қаласындағы №222 Т.Рысқұлов атындағы орта мектепті 18.06.2014 жылы бітіргені жөнінде берілген ЖОБ №0726435 аттестатының қосымшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Токбаев Ақбар Алайдаровичтің атына Жаңақорған ауданы, Төменарық ауылындағы №53 орта мектептің 9 сыныбын 1996 жылы бітіргені жөнінде берілген НМК №0714061 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Нұрбаева Гүлназдың атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданындағы №10 кәсіптік мектепті тігінші-пішуші мамандығы бойынша 2004 жылы бітіргені жөнінде берілген КТД-II №0277493 дипломы қосымшасымен жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Джасакбаев Сабит Калдыбаевичтің атына Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетін 2013 жылы бітіргені жөнінде берілген ЖББ 0650883 дипломы (№428) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

ҚАМБАШТА ЖЕЛКЕН СПОРТЫНАН ЖАРЫС ӨТЕДІ

9-13 қазан аралығында Қызылорда облысы Арал ауданы Қамбаш көлінде желкен спортынан «Аралдың қайта дамуы» атты II республикалық турнир өтеді. Жарысқа Астана қаласы, Алматы, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан 4 команда, 40 спортшы қатысады. Соңғы жылдардың бедерінде бұл спорт түрі елімізде қарқынды дамуда. Бұған дейін, желкенді спорт сайыстары Қапшағай бөгенінде, Балқаш көлінде, Каспий теңізінде өткізілсе, енді олардың қатарына Арал теңізінің аумағы да қосылып отыр. Аталмыш турнирде ересектер арасында «Луч», «Шағын-Луч» және ұлдар мен қыздар арасында «Оптимист» бағдарламасы бойынша жеңімпаздар анықталады.

«Болашақ» университетінің ұжымы оқу бөлімінің инспекторы Индира Маханбетжановаға анасы

Зейпеннің

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Туған-туыстары мен жекжаттары Жалағаш ауданы, Аққұм ауылының тұрғыны Асылбек Шілдебаевқа зайыбы

Кампоттың

қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРҚЫН БЕЙНЕҢ МӘҢГІ ЖАДЫМЫЗДА



Асқар таудай әкеміз Жолай Маханбетұлының бақилық болғанына да бір жыл өтіпті. Өмір бойы еңбек етіп, біреудің ала жібін аттамаған, әлдекімге дауыс көтеріп, ешбір жанды балағаттамаған қайран әкемізді туған жер қойнына қимастықпен бергеніміз кеше секілді еді, міне, бүгін оған да жыл толыпты. Біреуге ерте, біреуге кеш келетін осы өмір заңдылығынан еш пенде қашып құтыла алмайды. Ол сізді де құтқармады. Өз кіндігіңізден тараған ұрпағыңыз әр кез өзіңіз құрған қара шаңыраққа жиналып, сіздің жақсы ісіңіз бен аталы сөзіңізді, әрқайсымызға жасаған жақсылығыңызды еске аламыз, аңғалдықпен жасаған ағаттығыңызға күлеміз. Немере-жиендеріңіздің атасы туралы естелігі мен сағынышын, өмірлік жарыңыз, анамыз Рәштің қосағы жайындағы ертеккеберігісізәңгімесін тыңдаймыз. Өзіңіздің ортамызда болмағаныңызға өкініш білдіре тұрып, шүкірлік етеміз. Аллаға шүкір, сексен төрт жасты артта қалдырып, балашағаңыздың алдында, ешкімге салмақ салмай кеттіңіз. Ол да болса сіздің жақсылығыңыз, ақ ниетіңіз болар деп топшылаймыз.

Ағайын-туыс, құда-жекжат, көрші-көлем сіздің сабырлы да қанағатшыл мінезіңіз, көпке жасаған жақсылығыңыз бен қамқорлығыңыз, заман талабына сай өрбітетін сауатты әңгімелеріңіз жайында көп айтады. Зейнет жасына дейін сайын дала төсінде күріш дақылын баптап, одан мол өнім алғаныңыз, уақытпен санаспай адал еңбек еткеніңіз және сол төгілген маңдай теріңіздің өтеуі жоғарғы үкімет, партия комитеті мен жергілікті әкімшілік тарапынан лайықты бағаланғаны жайында өзіңізден естіген болатынбыз. Кейін ой жүгірте қарасақ, сіздің ақ ниетті адал көңіліңіз азға қанағат, барға шүкірлік етіпті. Өз ұрпағыңыз осындай абзал жанның өз әкесі болғанын ерекше сезіммен мақтаныш етеді.

Біздің тілегіміз, жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа, иманыңыз жолдас, жаныңыз жаннатта болсын демекпіз.

Бүкіл ағайын-туысқа әкеміз Жолай Шегенбаевтың жылдық асының қонақасысы 11 қазан күні сағат 17.00-де, жылдық асы 12 қазан күні сағат 11.00-де Қызылорда қаласына қарасты Абай ауылы, Абай көшесі 66 үйде өткізілетінін хабарлаймыз.

Балалары мен немерелері.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. "АҚ"-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж
Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы 22140
Тапсырыс № 938
Электронды оқылым 21000.